



**ХАЛЫҚ
ҚҰРҒАҚ
УАДЕДЕН
ШАРШАДЫ**

3-бет



**ЖЫЛАЙТЫН
ҮЙ**

8-бет

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№71 (3602) 22 қыркүйек 2023



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАСТАР НЕГЕ ҚЫЛМЫСҚА ҮЙІР?



Кәмелет жасына толмағандар арасында қылмыстық құқық бұзушылық жағдайы 11,5 пайызға көбейген. Осы жылдың қаңтар-шілде айлары аралығында 944 жасөспірім заң бұзып, қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Өткен жылмен салыстырғанда статистикада өсу байқалады. 2022 жылы 847 жасөспірім жауапкершілікке тартылған. Бұл жастар қылмысқа бейімделіп барады деген сөз бе?

(Соңы 3-бетте)

Айбар ОЛЖАЙ, қаржы, биржа, макроэкономика шолушысы:

«ӘЛЕМ ҮШІН ЕҢ ҮЛКЕН МӘСЕЛЕ СУ МЕН АСТЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ТУЫНДАМАҚ»

– Инфляцияның жүруі жақсы ма әлде жаман ба?

– Негізгі инфляция – әлемдік экономиканың қозғаушы күші. Тұтындағы бағаның өсуі өндіру көлемін арттырады. Инфляциядан гөрі, кері процесс дефляция қауіптірек. Егер инфляция тоқтап қалса, бәрі кері кетеді. Сондықтан экономиканы алға жылжыту барысында инфляция белгілі бір рөл ойнайды. Дейтұрғанмен, инфляция «таргеттік дәліз» шекарасынан аспағаны жөн. Біздің елімізде төменгі мәні 4%, жоғарғы мәні 6%-ды құрайтын Ұлттық банк құрған стратегиялық «таргеттік дәліз» бар. Енді ол стратегиялық таргет дәлізін біз төменгі мән 5%-дан, жоғарғы меже 7%-ға дейін көбейттік. Себебі, жоспарлы уақыттағы 4% - 6% дәлізіне әзірге кіре алмаймыз. Бұны экономикалық зерттеу модельдерінің нәтижелерінен байқауға болады. Енді сол 5% бен 7% аралығы үшін жұмыс жасаймыз. Әлемдегі кез келген ақша массасының көбеюі (әлемдік инфляция), еліміз импортқа тәуелді болғандықтан, салдарсыз өтпейді. Біздің ел және гиперинфляциялық әсерге ие. Мысалы, әлемде инфляция 7% болса, бізде тағы кемінде 4% үстінен қосылып отырады. Еліміздегі инфляциялық күтілімдер, тарихи кезеңді саралай айтсақ, әрқашан жоғары болған. Өйткені біз 90-жылдары 300%-400%-дық инфляцияны бастан кешкенбіз.

– Әлемдік инфляция неге төмен? Бізде неге жоғары?

– Инфляциясы бізден төмен елдер халық тұтынатын тауарларды өздері шығарады. Сондықтан олар баға саясатын басқара алады. Біз экспортқа тек шикізат шығарамыз. Біздің экспорт көлемі, әрине, импорттан үлкен. Бірақ күнделікті тұтынатын тауарда құбылмалы баға саясатына көнуге мәжбүрміз. Сол себепті, ішкі инфляцияны басқару қиынға соғады.

– Инфляцияны қалай төмендетеміз?

– Инфляцияны төмендету үшін Ұлттық банк базалық ставканы әрдайым жоғары ұстап тұрады. Сонда ғана артық ақша депозитке не облигацияға айналады. Мысалы депозиттің ставкасы жоғары болса, сіз пайда табуы ойлап, қолда бар ақшаны құртпай, депозитке салуды жөн көресіз. Осы принцип айналымдағы артық ақшаны кетіреді. Инфляцияны тежеу үшін, біз дәл осы «пайыздық арна» тетігін іске қостық. Бұл ақша-несие саясатындағы басты тетіктердің бірі. Бір жыл бойы 16,75%-дық ставканы ұстап отырдық, соның арқасында 2022 жылдың желтоқсан айында тіркелген 20,3% пайыздық инфляцияны 14%-ға дерлік түсіре алдық. Егер жыл соңына дейін тауар жеткізу тізбегі аяқталып, не кедергіге ұшырамаса, инфляцияны жоспарлы 12%-ға дейін түсіру мүмкіндігі бар.

(Соңы 5-бетте)

НАМИС

ЖАЗҒЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ: ҮМІТ пен КҮДІК

Қыркүйектің 23-інде Қытайдың Ханчжоу қаласындағы Спортс паркі стадионында XIX Жазғы Азия ойындарының ашылу рәсімі өтеді. Онда құрлықтағы 45 ел мен аймақтан 12500-ге жуық спортшы 45 олимпиадалық, 16 олимпиадалық емес спорт түрі (барлығы 61 спорт түрі) бойынша 474 медаль жиынтығына таласады. Медальдардың 381-і олимпиадалық, 93-і олимпиадалық емес спорт түрі бойынша.

XIX Жазғы Азия ойындарын 2022 жылы Қытайда өткізу туралы шешімді Азия Олимпиада кеңесі (АОК) 2015 жылғы 16 қыркүйекте қабылдаған. Бастапқыда 2022 жылдың 10-25 қыркүйек аралығына жоспарланған бұл шараны COVID-19 коронавирустық пандемиясына байланысты АОК 2023 жылға ауыстыруға мәжбүр болды.

Тарихи 1951 жылдан басталатын бұл дүбірлі додаға Қазақстан 1996 жылдан бері қатысып келе жатыр. Ұлттық құрама командалық есепте 1994 жылы Хиросимада (Жапония) – 4; 1998 жылы Бангкокта (Таиланд)

– 5; 2002 жылы Пусанда (Оңтүстік Корея) – 4; 2006 жылы Дохада (Қатар) – 4; 2010 жылы Гуанчжоуда (Қытай) – 5; 2014 жылы Инчхонда (Оңтүстік Корея) – 4; 2018 жылы Джакарта мен Паленбангта (Индонезия) – 9-шы орында болды.

Отандық спорт мамандары мен жанкүйерлерін қазір «Жазғы Азия ойындарында Қазақстан құрамасы құрлықтағы үздік бестіктің қатарына қайта кіре ала ма?» деген сұрақ мазалайтыны анық.

Республикамыздағы белгілі спорт зерттеушісі, педагогика ғылымдарының докторы

Бауыржан Досқараевтың айтуынша, Халықаралық олимпиада комитетінің қолдауымен спорт соңғы жылдары әлемнің барлық елінен қарқынды дамып жатыр. Дегенмен, қазіргі таңда Азияда Қытай, Жапония және Кореяның алдына түсетін еш ел жоқ. Қоғамның өзге де салалары секілді, спортты да арнайы ғылыми-зерттеу институтынсыз жүйелі түрде дамыту мүмкін емес.

«Соңғы ширек ғасырда оларды өкшелеп келе жатқан Қазақстан мен Иранның 2018 жылы Индонезияда өткен жарыста бестіктен сырт қалуының өзі біраз жайды аңғартады. Онда Индонезия төртінші, Өзбекстан бесінші, Иран алтыншы, қытайлық Тайбэй жетінші, Үндістан сегізінші, Қазақстан тоғызыншы, Солтүстік Корея оныншы орын алды. Сондықтан Қазақстан Ханчжоуда бестіктің қатарынан табылады деу қиын. Өйткені, 2024 жылы Францияда өтетін Жазғы Олимпиада ойындарының

бірқатар лицензиясы сарапқа салынатын бұл сайыста барлық спортшы барын салып, бойдағы күш-жігерін сарқа жұмсауға тырысады. Егер естеріңізде болса, Спорт және туризм министрлігі басшылары да Жазғы Азия ойындары мен ұзын-саны 80-нен астам әлемдік рейтингтік турнирлерде «Париж–2024» ойындарының 100-ге жуық лицензиясын жеңіп алуды жоспарлап отырғанын мәлімдеген болатын. Егер кейбір спорт түрлері бойынша биыл бірқатар Әлем чемпионаттарының өткенін және онда ел құрамасы елді елең еткізерліктей жоғары нәтиже көрсете қоймағанын ескерсек, Жазғы Азияда сенсация жасаймыз деуге үміт аз», – дейді Б.Досқараев.

Ел тарихына көз жүгіртер болсақ, спорт саласына жауапты министрліктің атауы 11 рет, ал оның басшылары 16 рет өзгерген. Биыл қыркүйек айында 3-рет қайта құрылған Туризм және спорт министрлігінің тізгінін ұстаған Ермек Маржықпаев бұл қызметті қаншалықты жемісті алып жүргені 2024 жылы өтетін Жазғы Олимпиада ойындарынан кейін белгілі болады. Өйткені, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігі деп аталған мемлекеттік орган жұмысы 1997 жылы департамент дәрежесіне дейін құлдыраған.

(Соңы 3-бетте)

МИНБЕР

Мемлекеттік аппарат тек Қазақстанда емес, халықаралық деңгейде де үлкен маңызға ие. Еліміздің мемлекеттік аппаратының алдында бюрократиялық, иерархиялық, тиімсіз қалыптастырылған мәдениеттен – нәтижелі, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған, мемлекеттік қызмет сапасына жіті көңіл бөлінген, жалпы айтқанда, ел ішінде және сыртта оң имидж қалыптастыратын тиімді мәдениетке көшу мақсаты тұр.

Әділет департаменті – әділет органдарының бірыңғай жүйесіне кіретін Әділет министрлігінің аумақтық органы болып табылады. Әділет органдарының міндеті мен оның принципі «Әділет органдары туралы» заңына сай айқындалған. Бүгінгі күні мемлекеттік қызметтерді алу үшін қолайлы жағдайлар жасауға, олардың барлық қызмет алушыларға қолжетімділігін қамтамасыз етуге үлкен көңіл бөліну-

циялары. «Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау» функциясы халық арасында ең танымал. Аталған бағыт бойынша жұмысты сот орындаушылар жүзеге асырады.

Мемлекеттік сот орындаушы – мемлекет-



Ержан ЕРКЕНОВ,
Жетісу облысы
Әділет департаменті басшысы

БАСТАМА

ЮВЕНАЛДЫ СОТТАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Бүгінде еліміздің сот жүйесі толығымен жаңғырту кеңінен бастан өткізді. Сот төрелігін ізгілендіру бағытында жасалған батыл қадамдар бұл күндері жемісін беріп келеді. Соның ішінде, соттарды мамандандыру сот төрелегін сапалы, тиімді әрі жоғары деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік бергенін атап өткен жөн.

Мемлекетімізде жасөспірімдерге қатысты істерді қарайтын ювеналдық соттардың бой көтеруі отбасылық құндылықты нығайтып, балалар құқығын сапалы қорғауға бағытталған еді. Аталған соттың өз жұмысын бастауы Қазақстанда ювеналдық әділет жүйесін қалыптастырудағы маңызды қадам саналады. 2007 жылдан бастап тәжірибеге енгізілген ювеналдық соттар әр жыл сайын балалардың құқығын қорғауда тиімділігі мен маңыздылығын дәлелдей түскендей. Себебі, елімізде балалар құқығын қорғауға қатысты бірыңғай сот тәжірибесі қалыптасып үлгерді десек қателеспейміз.

Бүгінгі таңда ювеналдық соттарда арнайы балалар бөлмесі жасақталып, дауларды бейбіт келісімге келу арқылы шешу үшін медиация кабинеті ашылған. Сондай-ақ, әркез «Әрбір бала отбасында өмір сүруі керек» деген мемлекеттік саяси принципті ұстанған Маңғыстау облысының кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында ағымдағы жылы «Отбасын қолдау» және «Татуласу» кабинеттері ашылды. Қос кабинет балаларға арналған түрлі кітап, ойыншық, техника, жайлы жиһазбен жабдықталып, психологтарға баламен жұмыс жасауға қолайлы жағдай жасалған. Тағы бір айта кетерлігі, осы жылдан бастап ювеналдық соттардың құзыреті кеңейді.

2023 жылғы 27 наурызда ҚР Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процестік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, балалардың мүдделеріне қатысты заңдардың жекелеген ережелері нақтыланып, кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттардың құзыретіне азаматтық істердің кейбір санаттары берілді. Атап айтсақ, биылғы 1 қыркүйектен бастап ювеналдық соттар кәметке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу, мүлкіті бөлу (кәметке толмаған балалар болған кезде), алименттердің мөлшерін өзгерту, кәметке толмаған балаларды күтіп-бағуға алимент төлеуден, алименттер бойынша берешекті төлеуден босату, кәметке толмағандардың мұрагерлік құқықтарын қорғау, Қазақстанға заңсыз алып келген немесе Қазақстанда ұсталып отырған баланы кері қайтару туралы немесе Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттың негізінде осындай балаға қатысты қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы және басқа да істерді қарауда.

Осы уақытқа дейін ерлі-зайыптылар некені бұзу үшін азаматтық сотқа жүгінсе, алимент тағайындау, баланың тұрғылықты жерін анықтау бойынша талап қоюды ювеналдық соттарға жолдап әлекке түсетін. Енді жоғарыда енгізілген түзетуге сәйкес, мұндай істердің бәрі кәметке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған соттардың құзырына беріліп отыр. Мұндай жаңашылдық тараптардың уақытын үнемдеп, оларды әуре-сарсаңнан құтқармақ. Кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жатқызылған істер кәметке толмаған адамның заңды өкілдерінің өтінішхаты бойынша, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, облыс орталықтарының шегінде орналасқан аудандық (қалалық) соттардың соттылығына жатқызылған істерді қоспағанда, баланың тұрғылықты жеріндегі аудандық (қалалық) сотта қаралуы мүмкін немесе оған берілуі мүмкін.

Қорыта айтсақ, елімізде бала құқығы, отбасы бірлігі, шаңырақ шаттығы – басты құндылық саналады. Сондықтан, кәметке толмаған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды көздейтін ювеналдық соттың құзыретін кеңейту бағытында қолға алынған жаңашылдық сот төрелігінің сапасы мен қоғамның соттарға деген сенімін арттыратынына сенім мол.

Жаңылхан ЖУСУПОВА,
Маңғыстау облысы кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ – ХАЛЫҚ СЕНІМІНІҢ КЕПІЛІ

де. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісін оңтайландыру мақсатында құжаттардың мерзімі мен тізбесі қысқарып, қайталанатын рәсімдер алынып тасталды, мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа көшіру өз жалғасын табуда.

Мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі мемлекеттік корпорация және «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алу мүмкіндігі ең көп сұранысқа ие. Өйткені, электронды байланыс қарапайым, тәуліктің кез келген уақытында байланысу мүмкіндігі бар, қысқа мерзімде қызмет алу халыққа қолайлы. Мұнда қызмет сапасын арттырудың маңызды құралының бірі жіті бақылауға негізделген. Департамент мемлекеттік қызмет көрсету сапасына ішкі мониторингті тұрақты түрде іске асырады.

Мониторингке сүйене отырып мемлекеттік қызмет сапасын арттыру, дәлелді шағымдардың алдын алу департаменттің негізгі міндетінің бірі. Халыққа қызмет көрсету аясында әділет органдары түрлі құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Құқықтық түсіндіру жұмыстары мемлекеттік аппарат пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың жақсаруына ықпалын тигізеді аян. Осындай іс-әрекеттер мемлекеттік аппарат имиджінің жетілуіне жол ашады.

Әділет органдары тарапынан атқарылатын негізгі функцияның бірі – атқарушылық іс жүргізу функ-

тік қызметтегі және атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды қабылдау бойынша өзіне заңмен жүктелген функцияларды орындайтын лауазымды тұлға. Ал жоғары заңгерлік білімі бар, жеке сот орындаушысы лицензиясын алған және Республикалық палатаға кірген Қазақстан азаматы жеке сот орындаушы болып қызмет ету құқығына ие. Өндіру бойынша маңызды және әлеуметтік маңызы бар атқару өндірістері алимент өндірумен байланысты. Олардың уақытылы және толық орындалуы «Ана мен бала» құқығының қорғалуына тікелей септігін тигізеді.

Қазіргі кезде ажырасудың кесірінен елімізде «толық емес отбасылар», «жалғызбасты ана», «жалғызбасты әке», «әлеуметтік жетім балалар» саны артуда. Негізінде ажырасу – бұл жеке мәселе, бірақ оның қоғамға тигізетін салдары ауыр. Ажырасудың соңы алимент өндіру қажеттілігіне алып келеді. Департамент ана мен баланы тұрмыстық қиындықтан қорғау үшін алимент өндіру мәселесіне ерекше көңіл бөлуде. Бұл функцияның сапасыз орындалуы департамент имиджіне нұқсан келтіреді.

Халық алдында мемлекеттік аппарат имиджінің көтерілуі заң талаптарының нақты орындалуына байланысты. Осы орайда, департамент «Атқарушылық іс-жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы» заңға сәйкес, сот орындаушылардың жауапкершілігін үнемі

бақылауда ұстайды. Бұл халыққа көрсетілетін қызметтердің сапалы орындалуына септігін тигізеді.

Сонымен қатар, департаменттің араласуымен алимент төлеуге жағдайы жоқ, яғни жұмыссыз жүрген борышкерлер Жұмыспен қамту орталықтары арқылы жұмысқа тұрғызылууда. Бұл борышкерлерге өз қарызын дер кезінде төлеуіне көмегін тигізеді. Осындай нақты іс-әрекеттер халық алдындағы абырой-беделді ғана көтеріп қоймай, халықтың әл-ауқатының жақсаруына үлесін қосады.

Сондай-ақ, департаменттің бастамасымен борышкерлер жауапкершілігін ояту мақсатында облыс аумағында алимент өндіруге қатысты әзірленген түрлі билбордтар ілінген. Аталған іс-шара департаментпен атқарылып жатқан іс-әрекеттердің халық жағдайын жақсартуға бағытталғанын көрсетеді. Дегенмен, сот шешімін орындау барысында өндіріп алушы мен борышкерлер тарапынан департаментке арыз-шағыммен жүгінетіндер де бар. Департамент арыз-шағымдарды жан-жақты қарап, арыз иесіне заңнамаға сәйкес жауап қайтарды және қосымша телефон шалу арқылы түсіндірме жүргізіледі. Бұл қоғам арасында департаментке деген оң көзқарастың қалыптасуына ықпалын тигізеді. Осылайша, бүгінгі таңдағы департаменттің тренді – мемлекеттік қызметті сапалы да тиімді етіп халыққа көрсетуге негізделген.

ПАЙЫМ

Мамандандырылған тергеу соттары жалпы юрисдикциядағы соттардан тәуелсіз сот органы ретінде құрылып, өз жұмысын 2018 жылдың тамыз айынан бастады. Бұл оларға қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндірісте сот бақылауына мамандануға мүмкіндік берді.

ТЕРГЕУ СУДЬЯСЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ КЕҢ

Еске сала кетейік, тергеу соттары келесі негізгі бағыттар бойынша жұмыс істейді. Біріншіден, бұл прокурордың, қылмыстық құдалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне әрекеттері мен әрекетсіздігіне қылмыстық процеске қатысушылардың шағымдарын қарайды. Екіншіден, күзетпен ұстау, ұйқамақ, кепіл түріндегі бұлтартпау шараларына санкция беру; сондай-ақ, органдардың тергеу әрекеттерін, мәжбүрлеу шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін санкциялауға рұқсат береді.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес, тергеу судьясы – қылмыстық сотқа дейінгі іс жүргізуде адамдар құқығының, бостандығы мен заңды мүддесінің сақталуын бақылауды жүзеге асыратын бірінші сатыдағы соттың судьясы. Оның мақсаты – қылмыстық құдалау органдарының заңсыз әрекеттерінің алдын алу, заң талаптарын адал орындайтын азаматтардың құқықтарын қорғау.

Тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын ор-

ганнан қаралатын мәселе бойынша қосымша мәліметтерді талап етуге, тиісті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің барлық материалдарымен танысуға және оларды зерделеуге, процеске қатысушыларды сотқа шақыруға құқылы. Сондай-ақ, азаматтар тергеу соты арқылы Қылмыстық процестік кодекстің 106-бабына сәйкес шағым беру арқылы өз құқықтарын қорғай алады. Шағымды тергеу судьясы үш күн ішінде сот отырысын өткізбей жалғыз қарайды. Заңды және дәлелді шешім қабылдау үшін маңызы бар мән-жайларды тексеру қажет болған жағдайда, тергеу судьясы шағымды он күн мерзімде соттың жабық отырысында тиісті тұлғалардың қатысуымен қарайды.

Мамандандырылған тергеу соттарында Қылмыстық процестік кодекске сәйкес материалдар мен шағымдарды қараудың маңыздылығы мен тиімділігі жыл сайын артып келеді.

Н.САДЫРКУЛОВ,
Тараз қалалық мамандандырылған тергеу сотының судьясы

БІТІМ

Сот залынан тараптардың көңілі толып, татуласып шығуы сирек. Өйткені, істің төрелік алаңында таразылануы бір тараптың жеңісі, екінші тараптың жеңілісімен аяқталады. Ал медиацияда жеңілген тарап болмайды. Оның басты артықшылығы осында.

«Медиация туралы» заңы медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, оны жүргізу қағида-тары мен рәсімін, медиатордың мәртебесін айқындайды. Басты мақсаты екі жақты ортақ мәмілеге келтіру. Медиация кезінде екі жақ та ризашылықпен тарасады. Талап қоюшы сотқа жазған арызында жауапкерге қойған талабынан бас тартып, жауапкермен бір мәмілеге келгенде, нақтылай түссек екі жақтың келісімге келуіне байланысты медиация рәсімделеді. Заң талабына сәйкес тараптардың арызы бойынша сот хаттамасы толтырылып, іске тігіледі. Бұл тараптарға алдағы уақытта сотқа, осы мәселе бойынша осы негіздермен қайтадан жүгінуге жол берілмейтінін ескертіп, түсіндіру болып саналады.

Медиация жүргізуге

МЕДИАЦИЯДА ЖЕҢІЛГЕН ТАРАП БОЛМАЙДЫ



байланысты тараптардан арыз түскенде ол аяқталғанша судья 30 күнтізбелік мерзімге істі тоқтатады. Содан кейін тәртіп бойынша судья екі жақтың келісімге келуі жөнінде ұйғарым шығарады. Медиация барысында медиатор екі жаққа да медиацияның рөлі және оның құқықтық әсері жөнінде толық мәлімет беруі қажет. Бұл ретте екі жақтың да құқығы бірдей екенін және олардың бір-біріне сыйластықпен қарауы керектігін ұғындырған маңызды. Тағы бір ескеретін мәселе дауласқан тараптар сотың процесінде татуласса да медиациялық тәсіл рәсімделеді.

Қазіргі таңда сот фирмартының құту залдарында медиацияны жарнамалаған баннерлер

орнатылып, жеткілікті ақпарат көрсетілген. Бүгінгі таңда медиацияның қолдану аясы кеңейіп түсуде. Мұны өмір сүру қажеттілігін адам түрғыда өтеу деп те бағалаған дұрыс.

Қорыта айтқанда, өзара келісімге келе алмай жүрген азаматтардың дауларын зерделегенде түбі медиацияға тірелетінін сан рет аңғардым. Сондықтан мүмкіндіктерді пайдалана отырып, осы құндылықты, яғни медиациялық тәсілдің артықшылықтарын тараптарға түсіндіру, ұғындыру төл міндетіміз.

Бекболат ТАЖМҰХАН,
Наурызбай аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАСТАР НЕГЕ ҚЫЛМЫСҚА ҮЙІР?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бесіктен белі шықпай жатып бұзақылыққа барғандардың ессіз әрекетін жіктеп жазайық. Шектен шыққан 944-тің 64-і қыз балалар. Ал, екінші мәрте жауапкершілікке тартылғандардың саны – 65. Балалар мен жасөспірімдер арасында ұрлық жасау, тонау жағдайлары жиі кездеседі екен. Біреудің затын қолды қылғандар саны – 393. Өткен жылмен салыстырғанда 8,6 пайызға көп. Тонағандар – 109. 2022 жылға қарғанда 13,5 пайызға көп. Бұзақылық бойынша – 85, алаяқтық бойынша – 73, денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру бабымен 44 жасөспірім жауапкершілікке тартылған. Аталған бағыттар бойынша да қылмыс деректерінің тек көбейіп келе жатқанын байқаймыз. Өткен жылмен салыстырғанда статистикада 30 пайыздан 50 пайызға дейін өсу бар.

Қош, «Бала, баланың ісі – шала. Балалыққа салынып шалыс басқан болар» дерміз. Дегенмен, жасөспірімдер қолымен жасалатын ауыр қылмыстар да аз емес. Осы жылдың қаңтар-шілде айлар аралығында кәмелетке толмай кісі өлтіргендердің саны 4 есеге артқан. 2022 жылы бұл қылмыс түрімен – 3



адам жауапкершілікке тартылса, биыл 12 жасөспірім қолын қанға былғаған. Зорлық жасаған жасөспірімдер де бар. Олардың саны – 10. Бір жыл бұрын зорлау дерегі бойынша жауапкершілікке тартылғандардың саны бесеу еді.

Қылмыскерлердің дені мегаполистерде. 944-тің 98-і алматылық. 2022 жылмен салыстырғанда 58,1 пайызға артық. Астана қаласында да құқық бұзуға бейім жастар жетерлік. Алты айда астаналық 80 жасөспірім жауапкершілікке тартылған. Бұл дегеніңіз былтырғыдан 9,6 пайызға көп деген сөз. Үздік үштікті Шым-

кент қаласы түйіндейді. Өткен 6 ай ішінде 67 шымкенттік заң бұзған. Статистика бойынша өсім – 28,8 пайыз. Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы қылмыстық құқық-бұзушылық дерегі бойынша ең аз көрсеткіш көрсететін аймақтар – Ұлытау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары. Әрқайсысында 6-17 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Мәселені мәйегін статистикалық сандармен сөйлетіп көрдік. Көрсеткіштерге көңіл көнши қоюы қиын. Енді атаулы фактордың қоғамға берер әсерін айтып бағалық. Бұрын

ата-ана балаларына үлкендерге еліктеп «шылым тартпа!», «бұзақылық жасама» деп тыйып отыратын. Қазір ше? Үлкендерден бұрын балаларды өз замандастарынан қорымыз керек сияқты. Өйткені, «мәселе араласатын ортасында» дейді мамандар. Жеңіл құқық бұзушылыққа балалар өз еркінен тыс, қатарластарының үгіттеуімен барып, арты қылмысқа апарып жататын жағдайлар да жетерлік. Сондықтан мамандар жыл басынан бергі тіркелген 944-тің қатарын сіздің балаңыз толтырмау үшін қатарластарын қадағалау керек деген пікірде. Ата-ана, ұстаздарынан бұрын қазіргі жасөспірімдер достарына көбірек құлақ асып, мәселе туындағанда қатарластарынан көмек қолын сұрайтыны да жасырын емес.

Қылмысқа бару бір мәселе болса, оның зардабы екінші бөлек әңгіме. Жауапкершілік жүктеп, бас бостандығынан айрылғандар бірнеше жылда бостандыққа қайта шығады. Өмірді танып білмей жатып темір тордың арғы бетіндегі тәртіпті көрген жасөспірімнің кейінгі өмірі қалыпты болатынына кепілдік жоқ. Бейімделіп кетті дегеннің өзінде, жас күнінде алған психологиялық соққының салдары тағы бір мәрте опық жегізбейтініне сенім аз. Тағы есіңізге саламыз, кәмелет жасқа толмағандар арасындағы қылмыстық құқықбұзушылық жасаған 944 жанның 65-і екінші мәрте жауапкершілікке тартылған. Бұлардың үлесі жыл санап артып келе жатқаны тағы ақиқат.

Жастық шақ – білім алатын, азаматтық көзқарас қалыптасатын мезгіл. Екінші рет те жаза баспайды делік. Дегенмен, осынау маңызды шақта бас бостандығынан айырылған жанның кейін қоғамға қандай адам болып оралатыны

да күмәнді. Сотты болған азаматтан белсенді жұмысшы жасауға біздің қоғам дайын ба? Әлеуметтік жетіспеушілік кеудесін қысып, өмір сүру қиындағанда әлгі жас тағы бір мәрте шалыс қадамға бармай ма? Осы секілді жауапсыз сұрақтар қоғамды қоса ойландыруы керек секілді.

Мәселені бірден реттемесек, оның салдарымен күресу тиімсіз болып тұр. Мамандар жасөспірімдердің қатыгез екенін алға тартады. Оған қазіргі әлеуметтік желілер кінәлі. Жамандықты айтсаң көбейе беретіні шындық. Әлемжеліге әшкере етіп, бір-бірін аяусыз ұрған, құқығын таптап, әлімжеттік көрсеткен, ұрлық жасаған кадрлардың теріс ықпалы көп көрінеді. Осыны көрген жастар өмірде қайталауға тырысады. Арты немен аяқталып жатқаны белгілі.

Ата-анасының жарғақ құлағы жастыққа тимей, күн демей, түн демей еңбек етіп жүргендегі жалғыз мақсаты – ұрпағының ұлағатты болуы емес пе? Ешқандай ата-ана өз баласының қарақшы, бұзақы болғанын қаламайтыны анық. Алайда, қоғамның кей тұсындағы көрініс жоғарыда сөз еткеніміздей. Не істемек керек? Мұндайда, дана халқымыз, «Я, Құдай! Бала бер! Бала берсең – сана бер. Сана бермесен – шетінен өзіңе ала бер» деп қысқа қайырған. Мәселені туындау ошағы да, шешім жолы да баланың санасында. Сананы түзеу үшін отбасы – түзу тәрбиенің ордасы, мектеп – терең тағылымның жалғасы болуы шарт. Ұрпағымыз ұлықты болсын десек, жамандықты жарнамалауды тоқтатып, жан-жағымызға жақсы істерді ғана үлгі етіп жүргеніміз абзал.

Ш.ЖАЛФАСБЕКҰЛЫ

ЖАНАЙҚАЙ

ХАЛЫҚ ҚҰРҒАҚ УӘДЕДЕН ШАРШАДЫ

Қай ауылда жиын болмасын, ең алдымен жол, су, жарықтандыру мен газдандыру күн тәртібінен түспейтін дауға айналды. Түйіні тарқамаған мәселелерге Талғар ауданына қарасты Кіші Байсерке ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Абишали Күнешбаев кеңінен тоқталды.

– Қазақта «Ауылда бір үй аш болса, бүкіл ауыл аш» деген сөз бар. Сондықтан өзімнің емес, елдің, осы ауылдың түйткілді мәселелерін айтып отырмын. «Ауылын көріп азаматын таны» дейді бабаларымыз. Бірақ азаматтар болғанымен, мәселеміз шешілмейтін болса, олардың азаматтығы кімге керек?! Басшылардың «болады, көреміз, айтамыз, қарастырамыз, қарастырып жатырмыз» дегенінен құлағымыз сарсып, әбден шаршадық. 30 жылда шешілмеген елдің мәселесі қордаланып қалды. Ауылдық округтің әкімшілігі ешқандай жұмыс істемейді. Сондықтан Мақсат Махамбетқали аппаратымен түгел орынды босатуы керек. Оған себеп не? Бірінші, газ мәселесін шешкен жоқ. Осында отырған халық өзара керілдісіп Талдықорғанға, Қонаевқа қанша барды. «Ауруын жасырғанмен, өлім әшкерелейді, өтірікті жасырғанмен, шындық әшкерелейді» деген бар. Бір жыл болыпты, біздің ауылды бас жоспардан алып тастапты. Оны неге білмейміз? Халықтың не кінәсі бар?» – деген Абишали Күнешбаев 2016 жылдан бері ауылдағы газ мәселесін шеше алмай келе жатқан басшылардың дәрменсіздігіне қапалы.

– Аталған мәселелерді ауылдық округ әкіміне айтқанда «аға, 2 ай уақыт беріңізші» деген еді. Содан бері 2 ай тұрмақ, 3 жыл өтті. Баяғы жартас, сол жартас... Одан бөлек, ел әлі күнге жарыққа да жарымай отыр. Сондай-ақ, бар болғаны 300 балаға арналған мектепте 930 бала оқиды. Тек дайындық топтарда ғана 55 балаға арналған 3 топта 385 бала білім алып жатыр. Осыдан кейін мектеп директорына не деп ренжиміз, тіпті сөйлеуге ұяламыз. Өкпелетіп аламыз ба деп қорқамыз? Қыстың күні балалар мектепте сырт киіммен отырады. Мектептің төбесі жұқа, жылу сақтамайды және мектептегі жылу жүйесі жоба бойынша жүргізілмеген. Осыдан кейін ел болашағы деп сенетін балаларда қандай білім болады? Дірдектен тұрған мұғалім балаларға қалай сабақ өтіп, білім береді? – дейді ақсақал тағы бір мәселенің шетін шығарып. Тұрғындардың айтуынша,

аудандағы жауапты бөлімдер мен мекемелердің бір-бірінің жұмысында шаруасы жоқ. Ауылдық әкімдік те бір жеке мемлекет секілді. Сонда елдің мәселесін кім, қашан шешеді?

Аудан әкімі Т.Айдарбеков аталған ауылда ушығып тұрған ауыз су, газ мәселесінің алдағы уақытта шешілетінін айтып: «Бүгінгі күні «Кіші Байсерке

«Біздің бір көшеде бас-аяғы 7 үй бар. Сусыз отырғанымызға 5 жыл болды. Судың артынан жүгіріп жүргенімізге де сонша жыл. Өзім екінші топтағы мүгедекпін. Көршілер қыстың күні суларын жауып тастайды. Кім су берер екен деп көше аралап қаңғимыз. Елдің қабағына қарап қара су іздеуден шаршадық...»

ауылын сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңарту және салу (2 кезең)» жобасы әзірленуде. Тапсырмасы беруші – «Талғар ауданының ТҮКШ, ЖК, АЖ және ТИ бөлімі» ММ. Шарт сомасы – 9,2 млн теңге. Қазіргі кезде мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Енді «Алматы облысы Талғар ауданы Кіші Байсерке ауылындағы газ тарату желілері мен газ құбырының құрылысы» жобасы әзірленуде. Тапсырмасы беруші – «Алматы облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі. Жобалаушы – «Улмат» ЖШС. Шарт сомасы – 19,3 млн тг. ЖСҚ әзірленіп, мемлекеттік сараптамада қаралуда», – дейді.

Жоқтан жоғары болса да, көптің көңіліне бір медеу болған бұл ақпараттың да нақты қашан шындыққа айналарын ешкім білмейді. Бір айта кетерлігі, бұл ауылда кім су береді деп елдің қас-қабағына қарап, шелегін салдырлатып жүретін тұрғындардың көп екені рас. Бұл сөзімізді растау үшін ауыл тұрғыны Нұрлан Қарпықовтың мына пікірін келтіре кетсек те жеткілікті болар. «Біздің бір көшеде бас-аяғы 7 үй бар. Сусыз отырғанымызға 5 жыл болды. Судың артынан жүгіріп жүргенімізге де сонша жыл. Өзім екінші топтағы мүгедекпін. Көршілер қыстың күні суларын жауып

тастайды. Кім су берер екен деп көше аралап қаңғимыз. Елдің қабағына қарап қара су іздеуден шаршадық...»

Қаптаған қаңғыбас иттерден зардап шекпей отырған елді мекен жоқ. Бүгінде өздерінен бұрын ойын баласы мен оқушылардың қауіпсіздігіне алаңдаған халық өмірлеріне қауіп төндіріп отырған қаңғыған иттер мәселесінің де тез арада шешілуін талап етуде.

Айта кетелік, бұл тек Кіші Байсеркедегі мәселе емес. Топ-тобымен жүрген қаңғыбас иттердің тез көбейетінін ескерсек, олардан келер қауіптің әлі де ауқымы кеңейетінін болжағандай боласыз. Тұрғындардың қауіпсіздігі үшін бұралқы иттерден дер кезінде құтылу керек. Алайда аудандық ит аулау мекемесі қызметкерлерінің жетіспеушітінін, аз ғана айлыққа өмірін қауіпке тіккісі келетін адамдардың некен-саяқ екенін айтып, бетбақтырмай отыр. Сондықтан бұл да жақын арада, түбегейлі шешілетін мәселенің қатарынан емес.

Сондай-ақ, ауыл зиратына тиесілі

НАМЫС

ЖАЗҒЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ: ҮМІТ пен КҮДІК



(Соңы. Басы 1-бетте)

1997–1999 жылдары Білім, мәдениет, денсаулық сақтау министрлігі туризм және спорт комитеті болып қайта ес жиған соң, 1999–2004 жылдары Туризм және спорт агенттігі, 2012–2014 жылдары Спорт істері және дене шынықтыру агенттігі мәртебесін де иеленген. Арада біресе денсаулық пен білім, мәдениет пен ақпарат саласымен қосақталып, 2004–2012 жылдары Туризм және спорт; Мәдениет және спорт министрлігі деп аталғанымен, мамандар айтып жүрген Қазақ спорттың ғылыми-зерттеу институты сол күйі құрылмай қалды. Ал Олимпиада ойындары кезінде елдің спорттық көрсеткішін жақсарту үшін шет елдерден аттай қалап шақырып алған спортшылардың көбі өз мансабын аяқтаған соң кері қайтып кетті. Тіпті кейін WADA тарапынан допингпен айыпталғандары да заңнамадағы оқлықты пайдаланып, спорттық жарыстардағы жоғары нәтижесі үшін мемлекет тарапынан берілген қаржылай, материалдық сыйақының бір тиынын да кері қайтарған жоқ.

Жазғы Азия ойындарына барған ұлттық құрамада биыл да легионер болып келіп, жеңіл жолмен азаматтыққа қол жеткізген спортшылар жеткілікті. Өз аймақтарының өкілі деп жіберген спортшыларының нәтижесіне жергілікті атқарушы органдардың басшылары ғана емес, федерация жетекшілері де зор үміт артқанымен, одан ел спорттың абыройы қаншалықты биіктей түсетінін уақыт көрсетеді. Тек «айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылады» дегендей, Азия ойындары мен Олимпиададан кейін оларды тағы да жоғалтып алмасақ болды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Жанбота СҰЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ

САРАП

ШАРА

КАССАЦИЯЛЫҚ САТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ?

Республикамыз тәуелсіздік алғаннан бері сот-құқықтық саладағы реформалардың өзекті мәселелері жоғары билік пен биліктің заң шығарушы тармағының да, заңгерлер қауымы мен сот қауымдастығының да күн тәртібінен түспей келеді.

1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституцияда заң шығарушы және атқарушылықпен қатар, биліктің үшінші бір буыны – сот тармағы бекітілгені белгілі. Осының заңды жалғасы ретінде «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң қабылданды да, құрылған Біліктілік алқасы мен Жоғарғы Сот Кеңесі судья лауазымына даярлығы бар билікті заңгерлерді іріктеуге мүмкіндік алды.

2015 жылдан бастап отандық сотта үш сатылы жүйе енгізілді. Осы уақыт берінен бергі сот тәжірибесі бұл жүйенің кемшін тұстары бар екендігін де барынша анықтап берді. Мәселен, кассациялық шағым Жоғарғы Сотқа түседі де, судья істі кассациялық сатыға беру туралы мәселені жалғыз өзі шешеді немесе істі кассациялық тәртіпте қарауға беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Еліміздің Президенті сот өндірісін жеңілдету және сот төрелігін жұртқа жақындату туралы ескертсе де, қолданыстағы сот статистикасы кассациялық шағымды шешу бір судьяның қолына берілетінін, дауды шешуде оның субъективті көзқарасы басымдық алатынын айғақтап отыр. Екіншіден, тараптардың сот отырысына қатысу үшін Астанаға алыстан келуге мәжбүр болатыны да халыққа ыңғайсыздық тудырады. Демек, әрбір кассациялық шағымды сот талқылауына қатысушыларды түгелдей хабардар ете отырып толыққанды кассациялық сатыда қарау тәжірибесін енгізуде кезек күттірмейді. Бұл сот төрелігін жүзеге асыру сапасының түбегейлі жақсаруына және сотқа қатысушылардың құқықтарын қорғауға септігін тигізеді анық.

Біздің ойымызша, ең тиімдісі облыс орталықтарында тәуелсіз кассациялық соттардың құрылуы болмақ. Ал Жоғарғы Сот төрағасы мен Бас Прокурордың ұсынысы бойынша істерді шешуді және норма шығаруды Жоғарғы Сот үлесіне қалдыру керек.

Бүгінде қылмыстық және азаматтық істердің тек 5 пайызы ғана кассациялық тәртіпте қаралады. Бұл аздық етеді және азаматтардың сұранысын қанағаттандырмайды. Бұл туралы Мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдерімен кездесуінде тілге тиек еткен болатын. Сонымен бірге, Қасым-Жомарт Тоқаев тәуелсіз кассациялық инстанцияны құру мәселесі бойынша заң және бизнес-қоғамдастықтың шұғыл кеңесі қажет екенін атап өтті.

Кассациялық сот – төменгі органдар шығарған сот шешімдерін қадағалайтын және түзететін сот жүйесінің бір түрі. Істерді кассациялық сатыдағы сотта қарау белгілі бір негіз-

дер бойынша ғана мүмкін болады. Кассациялық соттың негізгі міндеті – сот шешімдерін қабылдау кезінде заңдардың дұрыс қолданылуы мен түсіндірілуінің сақталуын қамтамасыз ету. Ол істің нақты және дәлелді жақтарын қарастырмайды, тек заңның дұрыс қолданылуын заң жүзінде тексерумен ғана шектеледі. Кассациялық сатыдағы сот даулы іс материалдарын егжей-тегжейлі зерделемей, сот шешімдеріндегі нормалардың сақталуын тексеруге баса назар аударады.

Кассациялық сот заң тәжірибесінде маңызды рөл атқарады және құқықтық жүйенің дамуына ықпал етеді. Оның шешімдері жаңа прецеденттердің орын алуы үшін және қоғамдағы дауларды шешуде өте маңызды. Мұндай сот жалпы юрисдикциядағы соттар жүйесінде соңғы шешуші инстанция ретінде әрекет етеді. Бұл істі кассациялық сотта қарағаннан кейін шешімге шағымдануға мүмкіндік жоқ деген сөз. Сондықтан кассациялық соттың шешімі түпкілікті және міндетті болып табылады.

Кассациялық сатыдағы сот шешімдерінің заң тәжірибесі мен сот практикасын қалыптастыруда маңызы зор. Кассация біркелкі нормаларды белгілеуге, заңнаманы түсіндіруге және үйлестіруге, сондай-ақ кейінгі істер мен сот шешімдеріне үлгі болатын жаңа прецеденттерді жасауға әсер етеді.

Кассациялық сот шешімдерінің жалпы заң тәжірибесінің дамуында орны ерекше. Прецедентті шешімдерді пайдалана отырып, заңгерлер мен адвокаттар бұрыннан қалыптасқан сот тәжірибесіне сүйеніп, өз клиенттерінің мүдделерін алдын ала болжай алады. Бұның өзі дауларды тиімдірек шешуге және сот ісін жүргізудің нәтижесін болжауға мүмкіндік береді.

Кассациялық сот сот жүйесін заңсыз шешімдерден тазарту функциясын да атқарады. Төменгі сатыдағы соттың шешімі заңсыз немесе негізсіз деп танылса, кассациялық сатыдағы сот оның күшін жойып, істі жаңадан сот талқылауына жіберуі немесе түпкілікті шешім қабылдауы мүмкін. Осылайша, кассациялық саты заң тәжірибесінде, прецеденттерді белгілеуде, құқықтық тәжірибені қалыптастыруда және дауларды шешуге ықпал етуде маңызды рөл атқарады. Оның шешімдері құқықтық жүйені одан әрі дамытудың негізі бола отырып, әділдік пен заңдылықтың үлгісіне айналуы тиіс.

Олжас СЕЙТЖАНОВ,
ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы бастығының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты

Жетісу облысының құтқарушылары сақтандыру шараларын үйретуді алдыңғы орынға қояды. Өйткені, қауіпсіздікті ескерген адам ешқашан қапы қалмайды.

Осы мақсатта жақында Жетісу облысындағы білім ошақтарында «Қауіпсіздік сабақтары» ұйымдастырылды. Шара барысында төтенше жағдай қызметкерлері мектептерге арнайы келіп, оқытушы, оқушылармен жүз-

тардың көбі төтенше жағдай орын алғанда су, өрт, жер сілкінісінің салдарынан емес, ең әуелі өз қорқынышын жеңе алмағандықтан зардап шегіп жатады. Сондықтан төтенше жағдай туындаған кезде қандай әрекет ету алгоритмін



САҚ ЖҮРСЕҢ, НАҚ ЖҮРЕРСІҢ



десті. Балабақша, мектепте өткен жүздесулерде өрт қауіпсіздігін сақтандыру, жер сілкінген кезде қаперде болуы тиіс ережелер жан-жақты түсіндірілді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, азамат-

балаларға үнемі ескертіп отыру қажет.

Қауіпсіздік сабақтары – науқандық, бір реттік шара болмауы тиіс. Төтеншеліктер бұл жағына да жіті мән беруде. Өйткені, бір реттік шара тез

ұмытылады. Балалардың есінде қала бермейді. Соған орай қызметкерлер жас ұрпақтың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін арттыру үшін арнайы сабақтар өткізеді. Сабақта балаларға үйде өрт болған жағдайда өзін қалай дұрыс ұстау керектігін, өрт сөндіру қызметін телефон арқылы қалай шақыру керектігін және эвакуациялау тәсілдерін таныстырады.

Оқушыларға қауіпсіздік сабағы аясында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша оқыту бейнероликтері, дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсету әдістері және өрт сөндірушінің жауынгерлік киімін

киюі көрсетіледі. Сондай-ақ, өрт туындаған жағдайда әрекет ету шараларымен танысу үшін анимациялық «Қауіпсіздік әліпбиі 4D» қосымшасы балалар назарына ұсынылады.

Жақында өрттің алдын алу, қауіпсіздік шараларына үйрететін бейнероликтер жасау және өрттен сақтану бойынша ақпараттық қосымша дайындауға белсенді қатысқаны үшін Талдықорған қаласының №28 ІТ мектебінің 2 және 4 сынып оқушылары Алғыс хатпен марапатталды.

Жетісу облысы ТЖД қызметкерлері тарапынан өткізілетін осындай іс-шаралар оқушылардың қауіпсіздік шараларын терең үйренуіне мүмкіндік береді.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖОЛДАУ



О.ЖОЛДЫБАЕВ,
Түркістан облысы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқығы бөлімінің басшысы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты кезекті Қазақстан халқына жолдауында «Біз елімізде креативті экономиканың жан-жақты дамуына барлық жағдайды жасауымыз керек. Соның ішінде, зияткерлік меншікті қорғайтын құқықтық тәсілдер қажет» деді.

ЖЕГІҚҰРТ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ

Сыбайлас жемқорлық ел экономикасының дамуына кедергі. Сондықтан оны болдырмау, алдын алу мақсатында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылуда. Жемқорлыққа қатысты атқарылған жұмыс аз емес.

Жемқорлыққа қарсы күресте белсенділік көрсеткен азаматтарды ынталандыру тетігі қарастырылған. Бұл бастама алғаш енгізілгенде қарапайым халықтың қабылдай қоймағаны рас. Себебі, жұрт тамырын тереңге тартқан кеселді жаңа тетік арқылы жеңуге болады дегенге сене қоймады. Ынталандыру тетігі кез келген азаматтың өзіне деген сенімін нығайтты. Көп болып күрескенде, жұдырықтай жұмылғанда кемшілікті түзеуге, кеселді жеңуге болатынын ұғындырды. Осындай келеңсіз құбылыстармен бітпес күрес жүргізу – тек сот, құқық қорғау немесе

мемлекеттік органдардың ғана міндеті емес, барлық азаматтың парызы. Себебі, жемқорлықты қоғам болып қолға алғанда ғана тоқтатуға болады.

Сыбайлас жемқорлықтың ең кең таралған түрі – пара алу және пара беру. Мұндай қылмысқа барғандарға заң бойынша берілетін жаза қатаң. Қылмыстық кодекстің 366-367 баптарында пара алғаны үшін мүлкін тәркілеумен бірге, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бойынша айыра отырып, параның елу еселенген сомасы мөлшері-

ЗИЯТҚЕРЛІК МЕНШІКТІ ҚОРҒАЙТЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘСІЛДЕР ҚАЖЕТ

Шындығында Қазақстанда бұл сала әлі дамымаған. Креативті индустрияның ішкі жалпы өнімдегі үлесі бір пайызға да жетпейді, жұмыспен қамту саласындағы үлесі де өте төмен. Егер креативті экономиканы дамыту қолға алынса, дамыған экономикалық ел қатарының алдына шығуға мүмкіндік ашылады.

Креативті индустрия зияткерлік еңбек формаларының кең спектрін қамтиды: медиа, кино, музыка, дизайн, білім беру, ақпараттық технологиялар саласы. Бұл XXI ғасырдағы өсу нүктесі, бірақ креативті индустрияның ЖІӨ-ге қосқан үлесі 1%-ға жетпейді. Ал әлемде креативті экономика нығайып келеді: БҰҰ 2021 жылды «Халықаралық креативті экономика жылы» деп жариялады. 2022 жылы әлемдегі креативті индустриялар нарығының көлемі шамамен 104,2 млрд долларды құрады, ал капиталдандыру екі трлн доллардан асты.

Бұл ретте жыл сайын сектор айналымы 15%-ға өседі. Қазақстанға бұл бағытта артта қалуға болмайды. Сондықтан Президент өсудің барлық қажетті жағдайларын қамтамасыз етуді тапсырды. Ол үшін Президент «Astana Hub» сияқты, облыстық инфрақұрылым орталықтарындағы

нақты сектормен тығыз үйлестіре отырып, өңірлік жоғары оқу орындарының базасында біртұтас инновациялық экожүйе құруды тапсырды. Онда креативті бизнестің жаңа өкілдері өз ісін одан әрі дамытуға мүмкіндік алады.

Қазір креативті индустрия орталықтары Астана, Алматы және Шымкент қалаларында шоғырланған. Осы орайда, Мемлекет басшысы өңірлер үшін де тиісті жағдайлар жасау қажеттігін атап өтті. Бұл өте орынды бастама деп білемін. Жаңа инфрақұрылымды құру шеңберінде әрбір облыс орталығы мен ірі қалада креативті индустрия орталығын құру жоспарлануда. Оның басты мақсаты – қатысушыларды коммерцияландыруға, яғни, өз өнімін нарыққа шығаруға көмектесу. Өнім авторлары көбінесе өз ұсыныстарын жүзеге асыруда қиындықтарға тап болатыны рас. Осы тұрғыда кез келген азаматтың ақыл-ой еңбегін мемлекет заңмен қорғауы тиіс. Зияткерлік меншік құқығын қорғауды жетілдіру арқылы авторларды жаңа өнімдер, әдеби немесе ғылыми шығармалар жасауға ынталандырамыз. Бұл тәжірибе әлемнің барлық дамыған елдерінде бар.



Мұхтар ШОХАЕВ,
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының аға сот приставы

нен бастап айыппұл салу не он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Ал, пара бергені үшін параның жиырма еселенген сомасы мөлшерінен бастап айыппұл салынып, не үш жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Парақорлыққа делдал болғандар да жазасыз қалмайды. Пара алушы мен пара беруші арасындағы пара алу және беру туралы келісімге

қол жеткізгендердің немесе оны іске асыруға ықпал еткендердің – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның он еселенген сомасы мөлшерінен бастап айыппұл салу не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Сыбайлас жемқорлық қылмысы бойынша сотталған мемлекеттік қызметкер барлық шендік сыйақыларын айырылып, мемлекеттік қызметте жұмыс істеуге өмір бойына тыйым салынады. Оларға шартты жаза тағайындалмайды, алынған параға қылмыстық жаза ретінде еселенген айыппұл белгіленеді. Яғни, құқықтық нормалар шегінде парақордың пара алу мүмкіндігін шектеп қана қоймай, пара алудың өзін тиімсіз ету қолға алынады.

Әрбір ұжымда бұл қылмыстың қаншалықты ауыр екенін, оның мемлекетке үлкен зиян келтіретінін ескертіп тұру керек. Мұндай ескертулер жемқорлықты жоюға ықпалын тигізеді анық.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осыған сәйкес Ұлттық банк орнатқан базалық ставка да жаймен түседі. Мысалы, 16,75%, алдағы уақытта 16,25%-ға түсуі мүмкін.

– Инфляцияны 3 жыл ішінде 5%, 6%-дық таргеттік дәлізге түсіру мүмкін бе?

– «Қазақстанда алдағы уақытта инфляция төмендейді» деген тек Ұлттық банктің болжамы емес. Бұл – әлемдік банк пен зерттеу ұйымдарының деректері мен есептеулері. Олар елімізде 2025 жылға дейін инфляцияның 5,5%-дық көрсеткіші күтіледі деп отыр. Бұл Ұлттық банк болжамымен сәйкес келеді. Оның үстіне, жаңа айтып өткендей инфляцияны түсіруге байланысты бірінші қадам – базалық ставканы өсіру болса, екінші қадам – үлкен азық-түлік қоймаларын салу немесе тұрақтандыру қорларын түзу болып табылады. Өйткені, біз азық-түлік, қолданым тауарларының басым бөлігін шетелден импорттаймыз. Ал жоғарыда аталғандай баға саясаты импорттаушы ел қолында болғандықтан, біз нарыққа көнуге мәжбүрміз. Сондықтан екінші қадам арқылы астық қорларына, егін маусымы кезінде астықты жинап, сақтап, қыс мезгілінде сол қорлардан алып отырамыз. Бұл баға саясатын тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Үшінші қадам – арнайы контракт. Яғни, алдын ала ақшасын беріп, «сен қыста осындай бағаммен сатсаң» деп келісімге келген шаруамен келісімге отырамыз. Өз кезегінде шаруа қыс мезгілінде контракттегі өнім көлемін келісілген бағада беретін болады. Бұл қадамдар қыстық бағаны алдын ала тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Десек те, стратегия нәтижесін қараша-желтоқсан айларында шығатын статистика көрсетеді. Бірақ желтоқсан айының аяғында жаңа жылдық сатып алулар инфляция өсіміне әсер беретінін естен шығармауымыз шарт.

– Сөз басында дефляция экономикада инфляцияға қарағанда қауіпті дегізіз. Ал экономикалық серіктес, көрші Қытай мемлекетінде қазір дефляция жүріп жатыр. Ол бізге қалай әсер етеді?

– Қытай экономикасының өсу қарқыны тоқтады. Дефляция – экономика өсімін тежеуші факторы. Алдыңғы уақытпен салыстыра айтқанда баға өсуі тоқтады, сәйкесінше алып-сату операциялары азайды. Ал Қытайдағы экономикалық белсенділіктің төмендеуі бізге тікелей әсер етеді. Біріншіден, Қытайдағы эконо-

микалық белсенділік жоғары болса, нарықтағы мұнай бағасы жоғары болады. Қытай негізгі мұнай-газ, энергия ресурстарын тұтынушы ел. Ол жақтағы белсенділік төмендеп, мұнай өнімдерін сатып алу азайса, әлемдегі мұнай бағасы арзандайды. Мысалы, мұнай бағасы 80\$-дан түссе, ол біздің сыртқы түсімге әсер етеді. Яғни, біздің экспорттың түсімі төмендей бастайды. Сондықтан Қытайдың экономикалық өсімі бізге маңызды. Өйткені, Қытай – әлемдегі үш үлкен нарықтың бірі. Бізге АҚШ-тың аса бір әсері жоқ, тек доллардың инфляциялық арнасы болмаса. Себебі, біз АҚШ-қа мұнай сатпаймыз. Негізгі тұтынушылар Еуроодақ және Қытай. Осы екі нарықта экономикалық өсім болып жатса, бізге жақсы. Ал кері процесс жүрсе, қиындығын біз де қатар көреміз.

– Мұнай демекші, оптимистік болжамға салсақ мұнай бағасы деректер бойынша 2025 жылға

Айбар ОЛЖАЙ, қаржы, биржа, макроэкономика шолушысы:

«ӘЛЕМ ҮШІН ЕҢ ҮЛКЕН МӘСЕЛЕ СУ МЕН АСТЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ТУЫНДАМАҚ»

дейін 110 долларға өсуі мүмкін, ал пессимистік болжам бойынша 50 долларға түсіп кетуі ғажап емес. Ал енді бағаға оң әсер етуші фактор – Қытай экономикасының жағдайы маз емес. Еліміз үшін оптимистік баға 80 доллар дедіңіз. Ары қарай не болады?

– Біздің ел үшін жақсы баға – 80\$. Осы баға сақталса, ұлттық қорға артық ақша құйылып отырады. Межеден баға төмен болса, түскен түсіммен ғана күнелтуге тура келеді. Ал



ел экономикасы үшін өте нашар баға 30 \$-ды құрайды. Қытай енді экономикалық белсенділікті арттыру үшін «сандық жұмсарту» әдісін қолданары анық. Яғни, Қытайдың орталық

тағы жанданып, мұнай өнімдеріне деген сұраныс қайта артады.

– Түсінікті. Азық-түлік жағында, қор тұрасында жақсы түсіндіріп бердіңіз. Енді қа-

ры болғаны керек. Егер баға 60\$-дан төмен түссе, ол барлық механизмінен іске қоса бастайды. Екіншіден, Қытай өзінің экономикасын тоқтатып қойып қарап тұрмайды. Көршіміз экономикалық белсенділікті арттыруға барын салады. Қытай экономикасы тұрақтала бастаса тауар айналымы

бола бастайды. Яғни, «өз азығым өзіме, ешкімге бермеймін» деген сияқты. Әлем халқын сақтандыру үшін азық сатуы тоқтатуы мүмкін. Әлемдік қоймалар салынуы мүмкін, жарма, бидай сатылуы тоқтауы мүмкін. Бұл Қазақстанға өте қиын, өйткені еліміздің өзіндік азық-түлік позициясы бар. Мысалы, қант, біршама жарма түрі бойынша, сұйық майға кейде тәуелдіміз. Көбіне біз бидайға ғана қарап отырмыз, алдағы уақытта байқалып жүрген климаттың кері факторы өрши түсе ме, ол жағы толық белгісіз. Қуаңшылық болатын, болмайтынын 5 жыл бұрын алдын ала дәл болжау қиын. Бір жылдық болжамның өзі тура келсе жаман емес. Енді менің ойымша, алдағы 50 жылда еліміз үшін және әлем үшін ең үлкен мәселе су мен астыққа қатысты туындамақ. Бұл – адамзаттық мәселе. Қазақстан үшін бұл гиппер мәселе. Себебі, бізде континентальды климат, қыста қатты суық, жазда қатты ыстық. Қауіпті зонадамыз.

– Сөзіңізге мән берсем, тәуекелдер көп сияқты. Өзіңіз бірде

банкі экономиканың барлық секторына арзан кредиттер бере бастайды. Сол кезде оларда экономикалық белсенділік қайта жанданады. Менің ойымша, Қытайдың өзіндік стратегиялық КРІ-ы бар. Мысалы, жылына өсімді 3%-дан түсірмеу деген сияқты. Және сол жоспарды барынша орындауға тырысады. Сондықтан әлемдегі мұнай бағасы лезде 50\$-ға түсіп кетеді деп ойламаймын. Біріншіден, ОПЕК өзінің саясатын жүргізіп келе жатыр. ОПЕК-ке мұнай бағасының бареліне 60\$-дан жоға-

раңыз, қазіргі таңда климаттың өзгеруіне байланысты, логистиканың қиындауы, геосаяси ахуалдың ушығуы, азық-түлік бағасының қымбаттауы дефицитке алып келе жатыр. Бұның бәрінің салдары қандай болмақ?

– Азық-түлікке қатысты болашақта үлкен тәуекелдер бар. Себебі, климаттың өзгеруімен, су дефицитіне тап болып отырмыз. Біз бүгінге дейін көбіне дәстүрлі ауыл шаруашылығымен айналысып келдік. Арналар тартып, су жүргізіп дегендей. Енді тамшылай суаруға толық өтуге үлкен инвестиция керек, шамамен 5 млрд \$. Өйтпесек суға тәуелді болып қала береміз. Сондықтан қазір елімізде Қапшағай, Бұқтырма сияқты кемінде 7 жаңа су қоймасын соғу көзделіп отыр. Өрине, мәселені толық шешпесек те, азық-түліктік стратегиялық қорларды ұстап тұру мүмкіндігіне ие боламыз.

Ашығын айту керек азық-түлік болашақта қымбаттайды. Мәселе жыл сайын ушығып барады. Және әлемдегі азық-түлік тапшылығы байқала бастаған уақыттан, «протекционистік» жабық экономикалар пайда

айтқандай, ең пессимистік болжамдар орындалса, Қазақстан уақытша мемлекет болуы мүмкін бе?

– Егер алдағы жоспарлар орындалмай, жұмыс жасайтын инвестициялық стратегияны іске асырмасақ, баяғыдай мұнайға байланған күйі қалсақ, иә. Қазақстан мұнай дәуірі аяқталғанына ғана өмір сүруі мүмкін, бұл фактіге негізделген пікір.

– Сөз соңында, халыққа берер кеңесіңіз?

– Мүмкіндігінше қор жинаңыздар. Ертеңгі қажет болар мамандықтар, жұмыстар жөнін саралап, мүмкіндігінше алдағы онжылдық жайлы жан-жақты зерттеп, білімді арттырып, орын алып жатқан жайттардың жалпы картинасын құруды үйреніңіздер. Сол кезде көп дүниені түсінуге болады. Мысалы, жаңа технологиялар пайдаланып, кішігірім бақша өсіріп үйрену керек. Біз жерге көңіл бөлмей кеттік, дегенмен айналы осы мәселеге қайта келеміз. Өйткені, бәрі тамақ ішкісі келетіні анық.

– Мазмұнды сұхбатыңыз үшін рақмет.

**Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»**

МЕДИАЦИЯ

СОТ ЗАЛЫНЫҢ СЫРТЫНДАҒЫ «МҮМКІНДІК»

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев әр кезде дау-дамайды шешудің балама тәсілдерін дамыту қажеттігін айтып келеді. Сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту – маңызды да ықтияттылықты қажет ететін саланың бірі. Бүгінде қоғамда дауды азайту, халықты әуре-сарсаңға салмау және соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттан тыс реттеу институттары дамытылуда. Қазақтың би-шешендері ерте кезден-ақ кез келген дау-жанжалға, төрелік айтып, таразы басын тең ұстап, «Арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмей», дауды екі жақтың да пайдасына теңдей шешкен.

Дауды шешудің баламалы тәсілдері ретінде қазіргі уақытта кеңінен тараған медиация рәсімі мен татуласу келісімін атауға болады. Қылмыстық сот төрелігінде сот істерінің шамадан тыс көп болуы, шығынның өсуі және тараптардың наразылығы секілді мәселелерді болдырмау үшін баламалы тәсіл ретінде медиативтік келісімді қолдану өте тиімді. Қылмыстық кодекстің 68-бабында татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату негіздері көзделген. Аталған баптың бірінші бөлігінің талабына сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен,

арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша медиация ел заңдарында белгіленген сотқа дейінгі және сот ісін жүргізу немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу мерзімінде жүзеге асырылады. Алайда, бірнеше рет қайталап жасалған немесе ірі мөлшерде жасалған жағдайда ол ауыр қылмыс болып табылады. Мұндай жағдайда залалды өтеп, татуласқан жағдайда да қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жол берілмейді.

Дегенмен, Қылмыстық кодекстің 68-бабының 2-бөлігінде жекелеген санаттағы ауыр қылмыс жасаған адамдарды татуласуға байланысты жауаптылықтан босату көзделген. Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса

және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Медиацияның көптеген артықшылығы бар, бірақ қылмыстық істердің бәріне сәйкес келмейді. Мәселен, адам өлімі, жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыс жасағандарға медиация қолданылмайды. Татуластыру рәсімі негізінде келісімге келген тараптар өзара туыстық, іскерлік, сыйластық қарым-қатынасын сақтап қалады. Тараптар қаржысын үнемдеп, артық шығыннан арылады. Уақыт жағынан да ұтымды нәтижеге қол жеткізеді.

Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша жүргізілетін медиацияның өз ерекшелігі бар. Қылмыстық істе тараптардың медиация туралы шарт жасасуы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұрмайды. Медиацияға қатысу фактісі медиация тарапы болып табылатын сот ісін жүргізуге қатысушының кінәні мойындауының дәлелі бола алмайды.

Бітімгерлік рәсіміне алғашында сенімсіздікпен, үрке қараған халықтың бүгінде өздері ынта білдіріп, дауды жылдам әрі екі жаққа да тиімді шешуге тырысатыны куантады. Ұрлық жасау, материалдық, моральдық зиян келтіру, қарыз өндіру істері бойынша да екі жақ ымыраға келіп, бір-біріне кешіріммен қарап, соттан қол алысып шығады. Бұл өз кезегінде қылмыстық іс бойынша жазаға тартылатын азаматтар қатарын азайтса, екіншіден, қоғамды тәрбиелеп, кешірімшіл болуға жетелейді.

**Гүлмаржан ӘДІЛСҰЛТАНИ,
Ақтау қалалық сотының судьясы**

КИЕ

ТАЛАП БОЛМАЙ, ТІЛ ДАМЫМАЙДЫ

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген екен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы. Расында да, тіл – адамдардың қарым-қатынас құралы, халқымыздың рухани байлығы, өткені мен болашағы, мемлекеттің табан тірейдің тұғырлы темірқазығы.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Бұл туралы Ата Заңымыз бен «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңда анық жазылған. Алайда, бүгінгі күні мемлекеттік тілдің мәртебесі өз деңгейіне жетпегенін мойындау керек. Егеменді ел болып, еңсе көтерген тұста мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің мәселеге айналғаны өкінішті.

Әрбір азаматтың қазақ тілін жетік меңгеруге, оны күнделікті өмірде қолдануға ынта танытқаны абзал. Ал мұндай сұраныс әрбір азаматтың бойында қалыптасуы үшін, оларға қажетті жағдай жасалып, тиісті талаптар қойылуы керек. Осы орайда, мемлекеттік қызметке немесе судьялық қызметке үміткерлердің қазақ тілін білу деңгейін тексеру міндетті сатыға айналуы қажет. Аталған лауазымдарға мемлекеттік тілді жетік меңгерген, таза сөйлеп, дұрыс жаза алатын, өз ойын еркін жеткізе білетін үміткердің тағайындалғаны жөн. Сонымен қатар, мемлекеттік органдарда қызметкерлердің қазақ тілін білу деңгейін анықтап, мемлекеттік тілді білмейтін қызметкерлерге жүйелі түрде сабақ

жүргізіп, әдістемелік құрал ұсыну қажет. Қазақ тілін білу, үйрену мәселесі басқа да салаларда қадағаланып, қоғам ішінде трендке айналуы өте маңызды. Соның бір жолы – мемлекеттік органдарда құжат айналымын мемлекеттік тілде жүргізетін қызметкерлердің ай сайынғы жалақысына қосымша ақы төлеу арқылы, қазақ тілін білмейтін қызметкерлерді тілді үйренуге ынталандыру. Сол арқылы әрбір азамат мемлекеттік тілді білу – заман талабы екенін анық түсінуі тиіс. Ал сот жүйесіндегі мемлекеттік тілдің деңгейі – сот актілерін сауатты, кәсіби терминологияны дұрыс қолдана отырып жаза білуден көрінеді. Сондықтан қазақ тілінде дайындалатын сот актілерінің сапасына аса назар аудару қажет. Осы ретте, мемлекеттік тілде дайындалатын сот актілерінің сапасын арттыру мақсатында, үнемі мониторинг жасау, судьялар және сот қызметкерлерінің арасында байқаулар өткізу қажеттілігі туындап отыр.

«Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғазға жасамай, жұмыла жұмыс жүргізіміз керек» деген еді Мемлекет басшысы осындай үш жыл бұрын. Ал осы мақсатқа жетуіміз басқаға емес, сіз бен біздің ынтамызға тікелей байланысты.

**Досбол АНУАРБЕКОВ,
Шығыс Қазақстан облысы
Әскеман қаласы
мамандандырылған
тергеу сотының судьясы**

ГЕНДЕР

ӘЙЕЛДІҢ ҚЫРЫҚ ЖАНЫ БАР

Еліміз гендерлік саясатты іске асыруда біршама жетістікке қол жеткізді. Қазақстан әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдарда (Бейжің тұғырнамасы) әйелдерге қатысты кемсітушіліктерге жол бермеуге, әйелдердің саяси құқығын қорғау мәселелеріне қатысты қабылданған бірқатар халықаралық актіні ратификациялады.



Елімізде, қоғамның барлық саласында гендерлік теңдікті қамтамасыз ету мақсатында жоғары мемлекеттік деңгейдегі гендерлік саясат институты – ҚР Президентінің жанындағы әйелдер істері және отбасы, демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрылып жұмыс жасауда.

Еліміздің егемендігін орнату және оны нығайту ісінде Қазақстан әйелдерінің атқарған рөлі зор.

Ана мен баланы қорғау, әйелдердің құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері – мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі. Еліміздің отбасылық-гендерлік саясат саласындағы жетістіктеріне мемлекеттік органдар, азаматтық қоғам мен бизнес қоғамдастықтың өзара тиімді іс-әрекетінің нәтижесі арқылы қол жеткізілді.

Қазақстанның демократиялық мемлекет ретінде қалыптасу кезеңінде әйелдерге, ана мен балаға қатысты мәселелер бойынша алғашқы қоғамдық маңызды құрылымдар құрылды.

Халқымызда әйел адамның орны мен маңызы туралы көптеген нақыл сөздер қалған. Өйткені, ұрпақ және ұлттың болашағы нәзік жандылардың іс-әрекетіне байланысты екенін айтып өткен жөн. Ағайын татулығын ойлап, балаларын ел намысын қорғайтын намысты азамат етіп тәрбиелеу – кешегі аналардан жалғасқан із. Осындай маңызын жоймайтын ұлттық құндылықтарымыз бүгінгі кезең тұрғысынан да үлкен мәнге ие болуы қажет. Қазір әйел қауымының білім алуы,

ел ісіне белсене араласуына үлкен мүмкіндіктер қарастырылған. Соның нәтижесінде үйде де, қызметте де өз орындарын тапқан нәзік жандарымыз аз емес.

Қазіргі уақытта әйелдер үшін тыйым салынған кәсіптердің тізімі жойылды, бұл болашақта әйелдердің өз қалауы бойынша мамандық таңдаудағы шектеулерді жоюға ықпал етеді. Болашақта бұл әйелдерге бұрын қолжетімді емес кәсіптерде өз әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар әртүрлі салалардағы жаңа жетістіктер мен мансаптық өсу үшін уәждемелік ынталандыру береді. Бұл сондай-ақ, жұмыс күші тапшы салаларда теңгерімсіздікті төмендетуге ықпал етуі мүмкін.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің қолданыстағы құжаттарында отбасы институты әлеуметтік қорғаудың айрықша объектісі ретінде қаралады.

2016 жылғы 6 желтоқсанда бекітілген Қазақстандағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында ана мен баланы, отбасылардың осал топтары әлеуметтік қолдауға жеке назар аудару отырып, әлеуметтік-еңбек қатынастарын, денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік-еңбек қатынастарын, денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау жүйесін реформалау бойынша стратегиялық міндеттер айқындалған.

Отбасыларды қолдау, нығайту және қорғау, отбасылар мен олардың мүшелерінің физикалық, зияткерлік, рухани, адамгершілік дамуы-

на ықпал ететін қажетті жағдайлар жасау, ананы, әкені және баланы қорғау мемлекеттік отбасылық саясаттың мақсаты. Отбасы институтын және дәстүрлі отбасылық құндылықтарды нығайту мемлекеттік отбасылық саясаттың идеологиялық негізі.

Мемлекеттік отбасылық саясат – ұрпақтар сабақтастығына, отбасының барлық мүшелерінің үйлесімді өзара іс-қимылы кезінде ұлттың мәдени кодын сақтауға және ондағы кемсітушілік пен зорлық-зомбылыққа жол бермеуге бағытталған. Мұндай саясат барлық мүшелер бір-біріне өзара жауап беретін, отбасының әр мүшесінің жеке ерекшеліктерін құрметтейтін, өзара қолдау мен көмек көрсетілетін функционалды отбасылардың өсуіне ықпал етеді.

Гендерлік саясатты іске асыру ресурстар мен мүмкіндіктерге әйелдер мен ерлердің тең құқықтары мен тең қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған. Гендерлік көзқарастың болуы және оның әлеуметтік байланыстар мен қатынастарды құру процестеріне әсері ерлер мен әйелдердің тең құқығын орнатудың міндетті шарты. Тең құқықтар мен мүмкіндіктер негізінде әйел адамдардың әлеуетін кеңінен пайдалану – тұрақты дамудың кепілі. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетте әр адам үшін тұлғалық жетілуге, барлық азаматтың өз мүддесін еркін білдіруіне жағдай жасау маңызды.

Қазіргі жаһандану мен жаңа цифрлық технологиялар кезеңінде адам дамуының басты өлшемі оның жыныстық, нәсілдік немесе этностық белгілері емес, кәсіби құзыреті, жауапкершілігі мен шығармашылық әлеуеті болу қажет.

Гендерлік саясат – ұлттық рухты қалыптастырудың тәсілі екендігін насихаттау мақсатында Шалқар аудандық соты әкімшілігі мен аудандық жастар ресурстық орталығының бірлесіп ұйымдастыруымен «Жақсы әйел – ырысың» атты семинар-тренинг өткізілді. Шараға басшылық қызметте жүрген, оның ішінде сот, құқық қорғау саласында еңбек етіп жүрген әйел азаматтар қатысты.

Семинар – тренингте әйел азаматтардың мәртебесі мен қатар отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері талқыланып, бірқатар пікір білдіріліп, ұсыныстар берілді. Шараның негізгі мақсаты – қоғамдағы нәзік жандылардың елдің дамуына қосқан, мемлекет мүддесі үшін аянбай еңбек етудегі рөлін үлгі ету.

А.СӨРСЕНБАЙ,
Шалқар аудандық соты
әкімшілігінің жетекші маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ПІКІР

Мемлекет азаматтардың жағдайына алаңдаушылық білдіріп, дауды шешудің баламалы тәсілдерін заңнамалық деңгейде бекітті, соның бірі – медиация.



ДАУДЫ МӘМІЛЕМЕН ШЕШУ ТИІМДІ

Дауды шешу үшін төрешіге жүгіну соңғы уақытта ойлап табылған құбылыс емес, мұның тарихы және мәдени түп-тамыры тереңде жатыр.

Астана қаласының Алматы аудандық сотында талап қою ісін жүргізу азаматтық істерді қарау барысында пилоттық жоба іске асырылуда. Пилоттық жоба процесі әрекеттердің алгоритмі. Медиациялық келісімдер жасаған кезде судья-татуластырушы тараптарға қойылған талаптардың шегінен шығу құқығын, жауапкердің қарсы шарттар қоюға мүмкіндігі бар екенін түсіндіреді. Татуласудың көптеген жағдайда талапкердің бұзылған құқықтары сотқа жүгінген уақыттан бастап екі апта ішінде қалпына келтіріледі. Осылайша «Соттар татуласу рәсімдері» жобасы бір жылдың ішінде өзінің тиімділігін көрсетті, дауды қысқа мерзімде шешу өтімді тәсіл және көпке үлгі.

Медиацияны жүргізу кезінде

медиатор тараптардан, әкімшілік органдардан, өзге де заңды, лауазымды және жеке тұлғалардан тәуелсіз болады. Медиатор осы заңда жолберушілік айқындалатын медиация құралдары мен әдістерін таңдауда дербес болады.

Медиацияның мақсаты тараптардың теңқұқылығы, медиация рәсіміне сырт адамның араласуына жолбермеу. Жалпы, қоғам дамыған сайын біздің сөздік қорларымызға термин сөздер көптеп ене бастады. Соның бірі – медиация термині. Медиация азаматтық, еңбекке қатысты, отбасылық және басқадай құқықтық қатынастарға байланысты қолданылады.

Қ.ШӘМБІЛ,
Шахтинск қаласының
әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған сотының
бас маманы - сот
отырысының хатшысы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ЕҢБЕК ШАРТЫ

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ЕҢБЕГІ ҚОРҒАЛАДЫ



Қазақстанның еңбек заңнамасының қағидаттары адам мен азаматтың еңбек саласындағы құқықтарының шектелуіне жол бермеу, еңбек бостандығы, еңбек саласындағы кемсітушілікке, мәжбүрлі еңбекке және балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу, қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына құқықты қамтамасыз ету.

Жұмыскердің өмірі мен денсаулығының басымдығы, еңбегі үшін жалақының ең төмен мөлшерінен кем емес сыйақы құқығын қамтамасыз ету, тынығу құқығын қамтамасыз ету, жұмыскерлердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі, жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін бірігу құқығын қамтамасыз ету, әлеуметтік әріптестікті нығайтуда және дамытуда мемлекеттік ықпалы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерін мемлекеттік реттеу болып табылады.

Еңбек шартын жасасу кезінде құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігін бұзуға тыйым салынады. Жүктілік, үш жасқа дейінгі балаларының болуы, кәмелетке толмағандық, мүгедектік еңбек шартын жасасу құқығын шектемейді.

Он алты жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі. Еңбек шарты: 1) орта білім беру ұйымында негізгі орта, жалпы орта білім алған жағдайларда, он бес жасқа толған азаматтармен; 2) оқудан бос уақытта, денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін он төрт жасқа толған оқушылармен; 3) кинематография ұйымдарында, театрларда, театр және концерт ұйымдарында, цирктерде денсаулығына және имандылық тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмей, шығармалар жасауға және орындауға қатысу үшін осы тармақтың 2) тармақшасында айқындалған талаптарды сақтай отырып, он төрт жасқа толмаған адамдармен еңбек шарты жасалуы мүмкін.

Еңбек шартына кәмелетке толмаған адаммен қатар оның ата-анасының біреуі, қорғаншысы, қамқоршысы немесе асырап алушысы қол қоюға тиіс.

Арай ИСМАГУЛОВА,
Мемлекеттік еңбек инспекторы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

РУХЫ БИІК ҰРПАҚ – ҰЛТТЫҢ ФЕНОМЕНИ

«Отанға адал қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген екен халық батыры Бауыржан Момышұлы.

Отанға, туған атамекенге қалтқысыз, адал қызмет ету – саналы, білімді, парасатты кез келген азаматтың парызы, борышы. Мемлекет болып қалыптасу жолында қандай еркін ел болмасын өзінің қорғаныс күштерін, мемлекеттік қызметтің сапасын бірінші орынға қояры анық. Осы тұста елдік жолында аянбай еңбек етіп, қойнауы қазынаға, өрісі малға толы, дастарқаны ырысты, әр шаңырағы берекелі текті еліміздің мемлекеттік қызметшілерінің жемісті еңбегі ешқашан еленбей қалған емес.

Отаныма адал қызмет етуге, тәуелсіз Қазақстанның стратегиялық жолда өркендеуіне үлес қосуға деген құлшынысым – қанға сіңген патриотизмнен, әке-анамның өлшеусіз, текті тәрбиесінен дарыған ұлы сезім. Себебі, ел үшін жанын салу, туған жерді сүю өсе келе қалыптасатын дүние емес. Ол әрбір азаматтың рухани қасиетінің көрінісі. Патриотизмнің мақсаты – Отан үшін бірік-

тіру, оны қастерлеу мен ардақтауға тәрбиелеу, өз халқының мүддесін қорғауға адамды үйрету болып табылады.

Кезінде Бауыржан Момышұлына: «Осы сіз неден қорқасыз?» – дегенде, батыр: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Біріншіден, бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқамын. Екіншіден, немересіне ертегі айтып беретін әжелердің азаюынан қорқамын. Үшіншіден, дәмді, дәстүрді сыйламайтын ұрпақ өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсең, кімді болса да шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, ата жоқ» деп қасірет болар қаупін бүгіп қала алмапты. Айтса айтқандай, ана әлдиіне бөленіп, әже ертегісіне құлағын түріп өскен баланың қашан да тілі жатық, ойы анық, ұлттық рухы биік болады. Ал рухы биік ұрпақ – ұлттың феномені, елдің айнасы.

Қазіргі қоғамның басты мәселесі сол: «Мен еліме не берем?» деп емес, «Елім маған не береді?» деп ойлайтын жастар саны көбеюде.

Шын мәнінде, ел патриотының өмірлік мақсаты – елге жақсылық жасау, елге қызмет ету, Отанының жанашыры болу.

Өзім таңдаған мамандығымды сүйемін. Кәсібім нәсібіме айналып, мемлекеттік қызметте үздіктердің үздігі атанып, Қазақстанның дамуы жолында қоғамдағы тұрақтылықтың әркез қолдаушысы атанып, халыққа қызмет көрсету үшін барымды салып, Президентіміздің сындарлы саясатының жүзеге асуы жолында аянбай еңбек етіп, кішкентай болса да септігімді тигізсем, адамдық парызым, пенделік борышымның өтелгені деп білемін.

«Отан үшін өлемін» деген құр сөзбен іс бітпейді. Қайта атына кір келтірмей, кетігіне кірпіш болып қалансақ қана өшпес із қалдырып, өнегелі іс тындырарымыз хақ. Ел ертеңі – бүгінгі жастар, ел ертеңі – әр қазақтың қолында.

Г. САРСЕНБАЕВА,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының бас маманы - сот
отырысының хатшысы

АТА-АНАЛЫҚ МІНДЕТ АҚШАМЕН ӨЛШЕНБЕЙДІ

Ажырасудың салдары ауыр. Әсіресе, ерлі-зайыптылардың екіге бөлінуі балаларға ауыр әсер етеді. Соның ішінде тосын шешімді жасөспірімдердің қабылдауы қиын.

Қазір сотқа түсетін істердің көп бөлігін ажырасу мен алиментке қатысты талап қоюлар мен арыздар құрайды. Осы істерді салыстырмалы түрде таразылағанда азаматтар жауаптылығының жыл өткен сайын кеміп бара жатқаны байқалады. Жұмысты істейтін кім – әйелдер, баланы бағатын кім – әйелдер, отбасының бар шаруасына жүгіретін кім – әйелдер. Ажырасқан кезде де баланың тауқыметі нәзік жандылардың мойнында қала береді. Сот шешімдеріне талдау жасайтын болсақ, сот процестерінің тоқсан тоғыз пайызында ажырасқан жұптардың балалары аналарының жанында қалады. Сөйте тұра, ерлер әйелдің өзіне қарап сөйлегенін, ақыл айтқанын қаламайды. Тіпті, «жұмыс істе, балалардың қажеттілігі күннен-күнге өсіп барады» деп айтудың өзі әйелге күр.

Шаңырағы шайқалмай тұрып шаруаны реттеу үшін шыбық басын сындырмағандардың ажырасқан соң ақылға келуі мүмкін бе? Бүгінгі орындалмаған сот актілерінің көп бөлігін алимент төлемеген әкелер құрауы мүмкін деген күдік осыдан туындайды. Баласына тиесілі нәпақасын ала алмаған аналардың көпшілігі сот орындаушылар көмегіне зәру. Олар болса борышкер әкелердің тұрғылықты мекенжайын жасырып, жалақысын көрсетпей, жиған-тергенін туыстарының атына жазып, қалайда алимент

төлемеудің амалын тауып жүргенін айтып, шарасыздық танытады. Ал, баласынан қашу ер азаматқа сын емес пе? Шындап келгенде алименттің өзі әкенің бала алдындағы борышын толтыра алмайтыны анық қой. Өйткені, алимент әкені де, шешені де айырбастай алмайды. Ата-аналық міндет ақшамен өлшенбесе керек.

Мысалы, Жаңаөзен қалалық сотында 2023 жылдың 8 айында барлығы 1787 арыз түскен, оның 413-і неке бұзу туралы, 413-і алимент өндіру туралы, яғни түскен арыздың 46 пайызын неке бұзу мен алимент өндіру туралы істер құрайды. 148 іс бойынша шешім шығарылып, неке бұзылған, 396 іске алимент өндіру туралы сот бұйрығы шығарылған. Көп жағдайда сотқа арызданған әйелдер ер азаматтарының ойынқұмарлыққа, нашарлыққа салынып, табысын отбасына әкелмейтінін, сол себепті сотқа арыздануға мәжбүр болғанын көрсеткен.

Ата Заңға сай әр бала мемлекет қамқорлығында. Бала құқығына қатысты заңдарымыз да тиянақты. Тек алиментті уақытында өндіруге қатысты мәселе әлі күнге толық шешілмей келеді.

Шынар АБИЛХАСОВА,
Жаңаөзен қалалық сотының әкімшісі
Маңғыстау облысы



ҚАЗАҚ-САХА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Саха бриллиант циркі «Мамонттар мекені» бағдарламасымен Алматыға келді. Олар қазанның 15-іне дейін Қазақ мемлекеттік циркінде қала тұрғындары мен қонақтарының назарына өз қойылымын ұсынады.

Саха мемлекеттік циркінің директоры Сергей Расторгуевтың айтуынша, Алматыда өтетін «Саха киносы күндерінің» цирк бағдарламасымен ашылуы кездейсоқтық емес. Келесі жылы құрылғанына 30 жыл толғалы отырған Саха бриллиант циркінің гастрольдік сапары Алматыда 15 қыркүйектен 15 қазанға дейін созылады. Олар одан кейін өз сапарын Тәжікстан астанасы Душанбе қаласында жалғастырады. Сосын қайтадан Қазақстанға оралып, 2024 жылдың наурызына дейін «Мамонттар мекені» Астана, Шымкент, Қарағанды қалаларында жұртшылық назарына ұсынады.



– Саха мен қазақтың басы қосылса, бір-бірін бір сағаттан кейін-ақ түсініп, өзара тіл табысып кетеді. Екі халықтың тарихи тамыры бір. Саха бриллиант циркінің артисі, гастрольдік труппа жетекшісі Роман Романов қазір Азияның ең үздік жонглери және цирк өнерінің осы түрі бойынша әлемдегі екінші артист саналады. Егер әлемде көшбасшы саналатын чех артисі бір мезетте 11 шармен өнер көрсетсе, Роман 9 шарды өз ыркына бағындыруымен

көрсететін тарихи лента түсіру үшін арнайы жұмыс тобы құрылып отыр. Оның нәтижесін алдағы бірнеше жылда көретін боламыз.

Алматыдағы саха киносы күндерінде халықаралық кинфестивальдерде жүлде алған Саха Республикасының үздік фильмдерін қала тұрғындары мен қонақтары тамашалай алады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

2. «Top Services Kazakhstan (Топ Сервисес Казахстан)» ЖШС, БСН 191240027018, өзіне «TOP Facility Services» ЖШС-н, БСН 210740027614, және «TOP Kazakhstan» (ТОП Казахстан) ЖШС-н, БСН 150540009289, қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мақатаев көшесі, 117 үй, тел.: +77027497950.

3. «TOP Facility Services» ЖШС, БСН 210740027614, өзінің «Top Services Kazakhstan (Топ Сервисес Казахстан)» ЖШС-не, БСН 191240027018, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мақатаев көшесі, 117 үй, тел.: +77027497950.

4. «TOP Kazakhstan» (ТОП Казахстан) ЖШС, БСН 150540009289, өзінің «Top Services Kazakhstan (Топ Сервисес Казахстан)» ЖШС-не, БСН 191240027018, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мақатаев көшесі, 117 үй, тел.: +77027497950.

8. «Проекторский Дизайн» ЖШС, БСН 170940017307, сатылады. 2020-2022 жылдары АИНАЛЫМ 141 675 815 теңгені құрады. Тіркелген күні: 2017 ж., Алматы қаласы, 2 200 000 теңге. Тел.: 87754336666.

9. Қарағанды облысы, Шет ауданы әкімдігінің «Шет ауданының халықтың жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымы, БСН 110740002261, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 73/4 ғимараты. Тел.: 8/71031/22-1-30, 87072623410.

10. «Карабалыкская СХОС» ЖШС, БСН 070840002502, өзіне «Кокшетауское ОПХ» ЖШС-ін, БСН 080640013611, қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Научно ауылы, Тимирязев көшесі, 1. Тел.: 87144123531, 87144123929.

11. Астана қаласы МСЭҚ 6.06.2023 жылғы анықтамасымен «King Service Company» ЖШС-н (БСН 191040024452) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

Борышкердің орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, №93 үй, ф.ғ.к. № 7.

Толық аты-жөні: уақытша басқарушы: Төлегенов А.Қ. Шағымдарды қабылдау мекенжайы: Астана қаласы, А-92 көшесі, 5 үй, 115.

Уақытша менеджердің байланыс деректері (телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы): 87024877707, ak_tlg@mail.ru Шағымдарды қабылдаудың соңғы мерзімі: жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн.

ТАРАТУ

5. «GLA CONSULTING» (Джи Эл Эй Консалтинг) ЖШС, БСН 141140025306, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Алмалы ауданы, Ш.Уәлиханов көшесі, 24 үй.

7. «Er Kosay» Security Group» ЖШС, БСН 180940019880, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 130000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 28 шағынаудан, 22 үй, 6 пәтер. Тел.: 87022392055.

12. «ТрансОйл СК» Атырау филиалы, БСН 020241005948, 2023 жылдың 1 қазанынан бастап өзінің қызметін тоқтататыны туралы хабарлайды. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, Азаттық көшесі, 104, тел. 8(7122)455723.

13. «ТрансОйл СК» Ақтөбе филиалы, БСН 010641003111, 2023 жылдың 01 қазанынан бастап өзінің қызметін тоқтататыны туралы хабарлайды. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы, 33, тел. 8(7132)515544.

14. ТОО «ЖАН-ЖЫЛУЫ И К», БСН 150740015627, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі ауылы, Нұс көшесі, 26 үй, 26 пәтер. Тел.: +7753223743.

15. «Republic of Code» ЖШС, БСН 190240013947, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Сейфуллин көшесі, 410/78 үй, индекс 050004, тел.: +77000790070.

16. «BN 20» ЖШС, БСН 200940007299, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 060100, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, 4 ауыл, 216 үй, тел.: +77014640505.

17. «ЮМА COMPANY» ЖШС, БСН 110540010304, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 88 үй, 23 пәтер, тел.: 87017889561.

МҰРАГЕРЛІК

6. 19.10.2021 жылы қайтыс болған Сапарбеков Қойшыбайдың артынан мүлкіне мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499

18. 1.01.1928 жылы туылған Аманкулов Укажанның 2001 жылы 11 қаңтарда қайтыс болуына байланысты артынан мүлкіне мұрагерлік іс ашылған. Барлық мұрагерлерін Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Т.Мадиходжаев көшесі, 15 ғимарат мекенжайында орналасқан нотариус Жолдасов Динмуханбет Алданиязовичке хабарласуын сұраймын.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласуыңыз немесе zangazeta@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.



ТЕЛЕФОН:
292 43 43, 8 708 929 9874



ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zangazeta@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/WhatsApp 8 707 280 09 12.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консултант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вудай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

Айым түн ортасында біреудің бебеулеп жылаған дауысынан шошып оялды. Көрпесін жайлап тартып, басын бүркеп алды да қайта тыңдады. Бір қыз ваннаның ішінде жылап отырған сияқты. Тоқтамай жылады. Барып қарауға қорықты. Көрпесін аша, жылап отырған қыз ваннадан атып шығып бас салатындай иманы ұшты. Аяқ-қолын бүрістіріп, жиырыла түсті. Анам естісе келетін шығар деп күтті. Анасы естімеді ме, келмеді. Жылап-жылап шаршады ма, бір уақытта қыздың дауысы шықпай қалды. Енді әлгі қыз шашы жалбырап мұның бөлмесін аралап жүргендей елестеді. Жүрген дыбысы естілетіндей. Еден тықыр-тықыр ететіндей.

— Анашым, анашым, қатты қорқып жатырмын. Келші, — деп жалынды.

Қанша жалынса да анасы келе қоймады. Бір уақытта әлгі қыз қайта ваннаға кіріп алып жылай бастады. Бір жері қатты ауырып, шыдай алмағандай бебеулеп тұрады да, сыңси бастайды. Бір кезде қайта бебеулейді.

Бүркеніп жатқан көрпенің астындағы ауа тарылып кетті ме, әлде қорыққаннан ауа жетпей қалды ма, алқына бастады. Алқынған соң бар күшімен көрпені серпіп жібермек болған. Әрі қарай есін жоғалтты.

* * *

— Қызым, сабақтан қаласың ғой, не жатыс бұл? — деп таңертең қызының бөлмесіне сөйлей кірген анасы шошып кетті. Көзі бақырайып, кейін шегініп арт жағындағы есікті қолымен әрең тапты да, сыртқа шығып күйеуіне қарай ойбайлай жүргірі.

— Жомарт! Жомарт! — деп шыңғырған дауысынан жан түршіккендей. Әйелінің соншама айғайлағанына ашуланып кеткен күйеуі ваннада беті-қолын жуып тұрып:

— Не болды соншама, сайтан көргендей! — деп дүңк етті.

Әйелінің түрі шынымен де сайтан көргендей еді. Қорыққаннан көзі бақырайып, мұрны құсырылып, беті-аузы сұп-сұр боп кеткен.

— Айым, Айым, — деуге ғана тілі келді.

— Не болды Айымға?! — деген күйеуі әйелін бір қақты да қызының бөлмесіне қарай жүгірді. Қалай кетті, солай біреу ұстап алатындай баспалақтан жаңшыра дүрсіндетіп түсіп келе жатқан аяқ дыбысы естілді. Дереве өз бөлмесіне кіріп:

— Алло, жедел жәрдем бе? Қызым ес-түссіз жатыр. Тез келіңдер! Тез келіңдерші! Қанша уақытта келесіңдер? Мекенжайымба? Коттедж қалашығы, Мансұр 15 үй, — деді асығыс.

Жанар ваннаның алдында қабырғаға сүйеніп ебіл-дебіл жылап, екінші қабаттағы қызының бөлмесі жаққа мойнын созып қарап тұрды. Жедел жәрдем шақырып бөлмесінен шыққан күйеуі:

— Көзі қорқынышты болып кеткен, — деп кемсендеді.

Жанар одан әрі дауыс шығарып жылай бастады. Сол екі арада жедел жәрдем көлігінің дауысы шықты да, Жомарт жүгіріп далаға кетті. Жанар да үйде жалғыз қалуға қорқып, соңынан жүгірді.

Жомарт көліктен түскен фельдшерге:

— Көзі бақырайып, аузы ашылып, талып қалған, — деп жатты.

Чемоданын көтерген фельдшер есік алдында жылап тұрған Жанармен амандасты да, күйеуіне еріп ішке кіріп кетті. Бір уақытта фельдшер жалғыз шығып, бөлімше инспекторына қоңырау соғып:

— Сәлеметсіз бе! Жедел жәрдемнен хабарласып тұрмын. Он жасар қыз қайтыс болған, — дей бергенде, есік аузында тұрған Жанар шошып:

— Айым! Айым! Жомарт! Жомарт!

— деп есікті жұлқи ашып ішке кіріп кетті.

Жомарт Айымның бөлмесінің алдында бүк түсіп жылап отыр екен.

— Жомарт, Айымға не болды? — деп тізесінен құшақтай алды.

— Жүрегі жарылып кетті... Қайтыс болғанына үш-төрт сағат болған дейді. Оң жақ кеудесі қап-қара боп қанталап кеткен... Түнде бірдеңеден қатты қорыққан сияқты... — деп әр сөзін бөліп-бөліп әрең айтты.

Ана байғұс өмірінің бар мәні болған жалғыз құлыншағының жан тапсырғанын естігенде, көз алды тұманданып, дүние домаланып кете берді...

итеріп, бөлмеден атып шықты. Атып шықты да, басқышты тарсылдатып төмен түсіп:

— Сен де естідің ғой, — деді шеше-сі қызына.

— Иә, естідім. Әлі естіліп тұр, — деді қызы.

— Бісміллә, бісміллә, қорқып кеткен жоқсың ба? Жүр, Жанарды оятайық. Айтайық, — деді жеңгесі.

— Апа, жылап отырған кім? — деді, анасының арт жағында тұрғандықтан ештеңе көре алмаған қызы.

— Айымның әруағы ма, қайдан білейін. Біреудің жылаған дауысы шығады, бірақ өзі жоқ, — деді, сол кезде қызы:

— деп Жомарт дін қызметкерімен келіспеді.

— Қашан көшіп келіп едіңдер?

— Әлі бір апта бола қойған жоқ.

— Кіргенде құран оқытып па едіңдер?

— Қаншама қонақ келіп-кетті. Құран да оқылды, — деді Жомарт.

— Құран оқып үйді тазалайық, — деді дін қызметкері.

— Жақсы, — деді Жомарт.

Дін қызметкері бір оқығанда үш сағат отырып құран оқып үйді тазалады. Бір апта бойы үш сағаттан құран оқыса да, қызының бөлмесінен жылаған дауыс шыға берді.

Бір қызығы, дауыс тек түннің орта-

рап шықсаңыздар, — деп асықтыра бастады.

— Жақсы, жақсы, жалпы үй ұнады. Сендерге ұнады ма, — деді әйел, бала-шағасына.

— Жақсы үй екен, — деді ұлының үлкені.

— Маған да ұнады, — деді Салтанат.

— Кешке тағы бір көрсек бола ма? — деп сұрады үй сатып алушы.

— Кешке кештеу келемін. Ертең осындай уақытта келсеңіздер болады.

— Жақсы, — деп келіскен үй сатып алушы төменге түсіп бара жатып та айналасына қарады. Үйдің бір міні жоқ.

— Сізге бір сұрақ қойсам бола ма? — деді үй сатып алатын кісі.

— Қойыңыз, — деді бұл сұрақ қойғанын қаламаса да.

— Өзіңіз құрылысшысыз ба?

— Жоқ. Құрылыстан түк хабарым жоқ. Бизнесім бар.

— Жақсы, онда мен сізге задаток беріп кетейін. Ертең нотариуста кездесейік. Кешке уақыт болса сыртынан көріп кетерміз, — деді үй сатып алушы.

— Жақсы, — деп бұл сатып алушыны бала-шағасымен бірге шығарып салды да, еш жаққа бармай холлдағы диванға жантая кетті.

Кеш бата үйінен шығып кетті. Себебі жалғыз қонуға қорықты. Ал әйелі үйді сатқанша әке-шешемнің үйінде тұра тұрамын деп кетіп қалған еді.

* * *

Жомарттың сатып алған үйі өзі салдырған үйдей емес. Бұрынырақ салынғандықтан жобасы да қарапайым. Жомарт күнде жұмысқа барарда өзі салдырған үйдің алдынан өтеді. Өткен сайын үңіліп қарайды. Үйді сатқанына алты айға жуықтап қалды. Сатып алған адамдар қаннан-қаперсіз тұрып жатыр. Күнде таңертең әйелі егіз қыздарын алып кетеді. Одан кейін студент ұлы, ең соңынан үй сатып алған кісі кіші баласымен бірге шығады.

«Егіз қыз болғандықтан, Айымның бөлмесінен қорықпаған шығар» деп ойлады. «Мүмкін ол бөлмені ұлына берген шығар». Хан сарайындай жарқыраған үйіне қимай қарап тұрды да, әрі қарай кетті. Қалайда олардың көшіп кетпеу сырын білгісі келді.

Сөйтіп жүргенде Жаңа жыл да келді. Әйелі Жаңа жылды күткісі келмей, ертерек жатып қалды. Жомарт сыра ішіп отырды да, тез-тез киініп сыртқа шықты.

Далада жапалақтап қар жауып тұр. Айнала әппақ. Коттедж қалашығы Жаңа жылды тыныш қарсы аламыз деп келісіп алғандай, бәрі жылы-жырт. Көше самаладай жарық. Жомарт көп ойланбады, бірден өзі салған үйге қарай жаяу тартты. Есік алдына келгенде сәл ойланатын тұрды да, қоңырауды қақты. Іштен:

— Кіріңіз, — деген дауыс естілді.

— Кімсіз деп сұрамайсыз ба? — деді бұл. Сонда ар жақтағы үй сатып алған кісі:

— Асылжан, қалжыңдамай кіре бер, — деді. Бұл ойланатын тұрды да, есікті ашып аулаға кірді. Өзі салдырған үй. Ауласы қандай кең. Бәрін талғаммен, ойластырып, өлшеп салған. Серейген-серейген туя ағаштары ақ ұлпа қардан көрпе жамылып, Жаңа жылға дейін ұйықтап алайын дегендей мүлгіп тұр. Алғаш үйге ертіп келгенде қызы қуанып, жерге төселген қып-қызыл кірпіштің үстінде әрі-бері жүгіріп еді. Жомарттың көңілі босап кетті. Аспанға қарды. Көзінен аққан ып-ыстық жасқа жапалақтап жауған қар қалықтап кеп қонды. Мұп-мұздай екен. Қызымен соңғы рет қоштасып, бетінен сүйгенде қызының беті осы қардай әппақ әрі мұздай болып еді.

Әдина ӘБДІБАЙҚЫЗЫ
(Жалғасы бар)



* * *

...Бүгін он жасар Айымды жерледі. Жанардың алыстан келген жеңгесі мен сіңлісі Айымның жетісін өткізейік, әрі Жанарды жалғыз қалдырмайық деп қайтпай қалды.

Жомарт пен Жанардың бөлмесі бірінші қабатта, Айымның бөлмесі екінші қабатта болған. Қонақтар екінші қабатқа, марқұм Айымның бөлмесіне жапсарлас бөлмеге орналасты.

Түнде Жанардың жеңгесі біреудің бебеулеп жылаған дауысынан оянып кетті. Біраз тыңдап жатты. Басында «Жанар Айымның бөлмесінде жылап отыр екен» деп ойлады, бірақ Жанар тоқтаусыз «жылады». Болмаған соң қасында жатқан қызын оятып:

— Жүрші, Жанарды жұбатайық. Айымның бөлмесінде жылап отыр. Бейшара-ай қайтсін енді. Бір-екі сағат болды жылап отырғанына. Шаршап қалды-ау, — деп сөйлей жүріп, қызын ертіп бөлмеден шықты.

Айымның бөлмесінің есігі тарс жабық. Екеуі есікті жайлап ашып, ішке кірді. Бөлмеде адам жоқ сияқты. Қараңғыда ештеңе көрінбесе де, бөлменің бос екені сезіліп тұр.

— Жанар, бұл сенбісің? — деп жеңгесі жан-жағына қарады. Ешкім жауап бермеді. Жылаған дауыс ваннаның ішінен шыққан соң сипалап жүріп ваннаның есігін ашты. Іші тас қараңғы.

— Жанар, қараңғыда жылап отырғаның не? — деді. Ешкім тіл қатпады. Адам жоқ сияқты. Бірақ біреудің жылаған дауысы шығып тұрды.

— Мына қызға не болған үн қатпай? — деп ваннада Жанардың жылап отырғанына сенімді болған жеңгесі есіктің қапталын сипалап жарықты жақты. Ванна бос. Ешкім жоқ. Бірақ ішінен біреудің жылаған дауысы шығады. Шошып кеткен жеңгесі артында тұрған қызына:

— Жүр, ойбай, шық! — деді.

Қызы да шошып кетті. Ваннаның жарығын сөндірмей екеуі бірін-бірі

— Қорқамын, — деп анасына жабыса түсті.

Екеуі барып Жомарт пен Жанардың есігін қақты. Іштен:

— Қазір! — деген Жомарттың дауысы шықты. Оның атып тұрып киініп жатқан дыбысы естілді. Жарықты жақпай, есік ашқан Жомарт:

— Не болды, апа? — деді.

— Айымның бөлмесінен біреудің жылаған дауысын естіп Жанар шығар деп барсақ, ешкім жоқ. Бірақ біреу жылап отыр. Жүрші, барып қарашы, — деді.

Артына бір қараған күйеуі Жанар естімесе екен деп ойлап еді, бірақ Жанар да оянып кетіп, тыңдап отыр екен. Ол да тұра жүгірді. Төртеуі Айымның бөлмесіне жақындаған да-ақ дауысты естіді. Шынымен де біреу жылап отыр. Жомарт жайлап есікті ашты. Ваннаның есігі аңқайп қалған. Жарығы жанып тұр.

Дауыс сол жақтан шығады. Жомарт бөлменің жарығын жағып, қызының төсегіне қарады. Төсегі бос. Жиналған күйі тұр. Ваннаға кіруге қорықты. Бірақ қасында әйелінің жеңгесі мен қызы, Жанар тұрған соң қорыққанын білдірмеуге тырысып ваннаға қарай аяқ басты. Ванна бос. Бірақ бір қыздың бебеулеп жылаған дауысы шығады.

— Мына үйді жын иектеп алған ба?! — деп артында тұрған әйелдерді итере-митере бөлмеден атып шықты...

* * *

— Үй таза жерге салынбаған. Бұрын қаланың шеті болды. Біреудің сүйегі жатуы мүмкін. Әруақтың мазасы кетсе осылай болады, — деді үйіне келген дін қызметкері.

— Бұрын бұл жерге егін еккен. Таза жер. Орыстың моласы мына тұста. Үйдің астына екі метр терең жертөле салынған. Біреуді жерлесе, жертөле қазғанда сүйегі шығар еді,

сында, яғни сағат түнгі үштен кете шығады. Жомарт пен Жанардың да зәре-құты қалмай қорқатын болды. Ақыры болмаған соң қызының қырық өткізгеннен кейін екеуі қыруар қаражатқа салған үйін арзан бағаға сатып көшіп кетті. Көшкенде алысқа кетпеді. Сол көшенің бас жағындағы ескілеу бір коттеджді сатып алды.

* * *

Үйді көруге келген адамның екі ұл, екі қызы бар екен. Қыздары егіз, Айым қатарлас. Ұлының бірі — студент, екіншісі — оқушы. Әйел, бала-шағасын түгел ертіп келіпті. Амандасып, танысқан соң:

— Үйді не үшін сатайын деп жатырсыз? — деп сұрады.

— Жұмыс бабымен Астанаға көшіп бара жатырмын. Сол жақтан үй алуым керек. Асығыс болғандықтан, өз бағасынан арзанға келісіп жатырмын, — деді.

— Жақсы. Үйді қарап шығайық, — деді әлгі адам.

Жомарт ертіп жүрді. Екінші қабаттағы Айымның бөлмесіне кіргенде:

— Қызыңыздың бөлмесі ме? — деп сұрады.

— Иә, әйелім екеуі Астанаға кетті. Ертерек барып мектепке орналасады. Үйді сатсам, мен де кетемін, — деді ешкім әйелі мен қызының қайда екенін сұрамаса да.

— Әке, Салтанат екеуіміз осы бөлмені аламыз ба? — деп сұрады егіз қыздың бірі бөлмеге қызығып.

— Иә, — деді.

— Онда тағы бір керееет алу керек, — деді қызы Айымның төсегіне қарап. Сол кезде үй сатып алушы:

— Жиназдарды толық қалдырамын деп жазған екенсіз, — деді.

— Иә, бәрін қалдырамыз, — деген Жомарт бөлмеден тез шыққысы келді. Сатып алушы кісі ваннаның есігін ашқанда Жомарттың мазасы қашып:

— Менің қазір баратын жерім бар еді, мүмкіндік болса тез-тез қа-

ЗАҢ
газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zankreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5596 дана
Апталық таралым 11 192 дана

Тапсырыс №141 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Print плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31